Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 13 (1068)

08.04.2022

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

КӨКТЕМНІҢ ӘР КҮНІ – ЖЫЛҒА АЗЫҚ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕЛДІҢ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ЕРЕКШЕ ӘСЕР ЕТЕТІН САЛА. КҮН ЖЫЛЫП, ЖЕРДІҢ ТОҢЫ ЖІБІГЕН КЕЗДЕ БАСТАЛАТЫН ЖЫЛ САЙЫНҒЫ КӨКТЕМГІ ЕГІС ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ДА ҚЫЗУ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Алматы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, бүгінде 167,3 мың гектарға ылғалды жабу, 84,1 мың гектарға себу алдындағы өңдеу жұмыстары жүргізіліп, 73 мың гектар жер жыртылды. Барлығы 15,6 мың гектар масақты дәнді дақыл және 1,5 мың гектар майлы дақыл егілді.

Сондай-ақ, қант қызылшасының тұқымымен қамтамасыз ету үшін қазіргі уақытта 5,7 мың гектар көлемінде 256 шаруашылықтан өтінім қабылданып, «Жетісу» ӘКК 1256 себу бірлігін Қаратал, Көксу, Ескелді аудандарына өткізген. Тәтті түбірдің басқа да шетелдік тұқымдарын Көксу қант зауытына жеткізу мен тарату жұмыстары да аптаның ішінде аяқталады.

Жалпы көктемгі егіс жұмыстарына минералды тыңайтқыштардың қажеттілігі 23 мың тонна болса, соның 13,7 мың тоннасын немесе 59,6 пайызын 998 шаруашылық субъектісі алып үлгерген. Жанар-жағар майдан да қиындық жоқ.

Алматы облысының шаруашылықтарына көктемгі дала жұмыстарын дер кезінде және сапалы жүргізуге мемлекет тарапынан тиісті қолдаулар да көрсетіліп келеді. Мәселен, Аграрлық несие корпорациясының екі бағдарламасы аясында 60 шаруашылық 1 млрд. 160 млн. теңге қаражат алса, тағы 717 млн. теңгенің 25 өтінімдері қарастырылған.

Жалпы өңірде көктемгі егіс жұмыстары мамыр айына дейін жалғасады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ
Сурет ғаламтордан алынды.

АҢДАТПА

МЕДИЦИНА 3 стр.

КАК РАБОТАЕТ СКОРАЯ ПОМОЩЬ В АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ?

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ 5-бет

«ТАЛДЫҚОРҒАН» ТАРИХЫ ЖӘНЕ «ТАЛДЫҚОРҒАН» ГАЗЕТІ ЖАЙЛЫ ПАЙЫМ

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ? 7-бет

БІР РЕТТІК ТЕСТЕН ӨТУ АҚЫСЫ 750 ТЕҢГЕ ТИІСТІ ҚАРАЖАТТЫ ШЫҒАРУҒА МЕКТЕПТІҢ МҮМКІНДІГІ БАР МА?

ӘҢГІМЕ 8-9-бет



ЖАЗА

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАЗАЛЫҚ АЙЫ

СЕНБІЛІК ӨТТІ

Күн райының жылуымен Алматы облысында сенбілік өтті. Тазалық шарасына 50 мыңдай азамат ат салысты.

Талдықорған қаласында өткен сенбілікке қатысқан облыс әкімі Қанат Бозымбаев бұл сенбілік Ораза айының алғашқы күнімен тұспа-тұс келіп отырғанын айтты. *«Бар мұсылман Ораза айын сағынышпен күтеді. Ораза – жан тазалығына бастаушы ай. Қабыл болсын! Біздің сенбілікке шығып, ауламызды, көшемізді, қаламызды тазартуымыз да сауапты іс. Соңғы екі жылда пандемиядан осындай сенбілікке шыға алмадық. Енді міне, игі дәстүрді қайта жаңғыртып, белсенділердің бастамасымен сенбілік ұйымдастырылуда. Тұрғындар өз қалауымен тазалық жұмыстарына ат салысып, береке-бірлігін көрсетіп жатыр»*, – деді өңір басшысы.

Тазалау, абаттандыру мен көгалдандыру шараларына облыстағы барлық мекеме, ұйым, коммуналдық қызмет салалары белсене қатысты. Облыс бойынша 50 мыңдай азамат 4 мыңдай көшені, 18 мыңдай алаңқайды қоқыстан тазартты.

Сенбілік аясында аймақтағы 200-дей саябақты, 950 шақырым арықты қоқыстан арылтып, 14 мыңдай көшет егу жоспарланған.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

КІТАПХАНАДА

АҚЫНМЕН ЖҮЗДЕСУ

АҚЫН МҰХТАР ШАХАНОВТЫҢ 80 ЖАС МЕРЕЙТОЙЫ ҚАРСАҢЫНДА С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ӘМБЕБАП КІТАПХАНАСЫНДА «ҒҰМЫРЫМЫЗ САН ҮМІТТЕН ТҰРАДЫ...» АТТЫ КЕЗДЕСУ КЕШІ ӨТТІ.

Кеш барысында ақынның өлең-жырлары жатқа оқылып, әндер шырқалды. Сонымен қатар, аңыз адамға айналған Мұхтар Шаханов оқырмандармен сырлы сұхбат құрып, кейінгі жас буынға ақ батасын берді. Кеш соңында С.Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасының директоры Тоқабаева Ғалия Сламбайқызы ақын иығына шапан жауып, көпшілік атынан алғысын білдірді.

Ақын, мемлекет және қоғам қайраткері М.Шаханов бүгінгі таңда республикалық «Жалын» журналының бас редакторы. Соңғы жылдары «үш тұғырлы тілге» де, тікелей қазақ халқын және республикадағы аз ұлттарды тікелей жоюға алып баратын, бастауын «американдық ұлттан» алатын «қазақстандық ұлтқа» да батыл қарсылық танытып келеді. «XXI ғасыр және Руханият» атты халықаралық элита клубының президенті, «Мемлекеттік тіл» қоғамдық қозғалысының төрағасы, «Тәуелсіздікті қорғау» атты 50-ден астам қоғамдық ұйымның, партиялардың, баспасөз орындарының басын қосатын халықтық-демократиялық қозғалыстың төрағасы сынды ірі істерді атқарумен қатар ел мүддесіне өлшеусіз үлес қосып келеді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ӨНЕР

«ЕЛГЕ СӘЛЕМ» ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ

ҚР Мәдениет қайраткері, жерлесіміз, күйші-композитор, ел ордасы Нұр-Сұлтан қаласы Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармониясының қазақ оркестрі дирижері – Нұрлан Бекенов еліне, жеріне деген сағынышы мен ыстық лебізін білдіріп туған жеріне келіп шығармашылық кешін өткізді.

І. Жансүгіров атындағы Мәдениет үйінде өткен шығармашылық концерт «Елге сәлем» деп аталды. Іс-шараны белгілі композитор Әли Алпысбаев жетекшілік ететін Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның М.Төлебаев атындағы халық аспаптары оркестрі сүйемелдеп, жоғары деңгейде өтуіне үлес қосты.

Нұрлан Бекеновтың туған өлкесіне келмегеніне жиырма бес жыл болыпты. Кеш иесі туған жерге деген сағынышын әнмен, күймен өрілген туындылары арқылы жеткізді.

«Жер жәннаты – Жетісу жаныма ыстық екен. Осы аймақта туып, суына шомылып, құмында аунап өскен балалар едік. Оқуға түсіп, киелі өнердің биігіне шығамыз деп жүргенде талай жыл артта қалыпты. Туған атамекенімді сағынып, осы өңірдің перзенті ретінде «Елге сәлем» атты шығармашылық кешімді өткізуді біраз уақыттан бері жоспарлағанмын. Бұл алғашқы өткізілгелі тұрған кеш болғандықтан мен үшін қолдау өте қажет болды. Бүгін міне, ең бірінші Алланың қалауымен, одан кейін жерлесіміз, өнердегі ағамыз Әли Алпысбаевтың, мәдениет басқармасының қолдауымен ойға алған ісім жүзеге асуда. Осы кештің басы-қасында қолдау көрсетіп жүрген жандарға үлкен алғысымды білдіремін!», – деді Нұрлан Бекенов.

Сазды кешке қолдау көрсетіп сонау Нұр-Сұлтан қаласынан елге белгілі, өнер жолында жүрген мәдениет саласының үздігі, эстрада жұлдызы Арайлым Рахымқызы мен мәдениет қайраткері және танымал әншілер Қанат Құдайбергенұлы мен Светлана Айтбаева өнер көрсетіп, сахна төрінде салтанат құрды.

Күйші туған жерге деген сағынышын «Жайлауда», «Сағыныш» атты туындылары арқылы жазыпты. Күй өнерін насихаттап жүрген өнер иесі осы шығармаларын кеште жеке өзі орындап берді. Жиналған өнерсүйер қауым ішінде қазақ күйлерінің музыкалық тілін түсінетін, білікті тыңдаушы оның бұл шығармаларына жоғары баға берері сөзсіз. Домбыраның қоңыр үнімен қазақтың байтақ кең даласы, көкте қалықтап ұшқан қыран құсы, сай-салада жүгірген аңы, қазақтың кең жайылған дастарханы, сәйгүліктің шабысы көзіңе еріксіз елестейді. Осы орайда айта кетсек, қазақтың рухын көтеретін екі нәрсе бар. Бірі астындағы мініп, жаратып жүрген – тұлпары болса, екіншісі қолына ұстап жүрген қара домбырасы. Осы екеуімен қазақ сонау заманнан бері өз несібесін тауып келеді. Нұрлан Бекеновтің де атын шығарып, дарыны мен шынайылығын көрсетіп келе жатқан осы – қара домбырасы.

Кешке арнайы қонақ болып, күйден тарту-таралғы жасаған жанның бірі – Серік Бекенов. Иә, аты-жөнін естігенде бір атаның балалары деп ойлайсың, бір қызығы олай емес. Ол – ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, фольклортанушы, белгілі күй шебері Уәли Бекеновтің немересі.

«Көбісі бізді туысқандық жақындықтары бар деп ойлағанмен, біз екі атаның балаларымыз. Ал екеуміздің басымызды қосып, бір ортаға әкеліп отырған – күй өнері», – дейді Серік Бекенов.

Сазды кешке жиналған қауым Нұрлан Бекеновтың дирижерлік қырын да көрді. Мұқан Төлебаев атындағы халық оркестріне бастанаяқ өзі дирижерлік етіп, музыкалық дарынының тағы бір шетін көрсетіп, елді тәнті қылды.

Кештің ең басты қонағы – халықтың сүйіктісі, әнші Димаш Құдайбергендей дара тұлғаны өмірге әкелген – Қанат, Светлана Айтбаевтар болды.

«Жетісу өлкесі өзінің жылышырайымен, қонақжайлығымен, сұлу табиғатымен құшақ жая қарсы алды. Бұл өңірге көктем ерте келеді екен. Осында келгелі көктемдей құлпырған, жаны да, тәні де сұлу қаншама адаммен таныс болдық. Ал концерт бағдарламасы өте жақсы ұйымдастырылды. Осы концертте Әли ағамыздың әдемі жазылған, сиясы кеппеген «Әке» атты әнін алғаш рет орындадым. Бұл концерт жалғыз біздің ғана емес, бүкіл халықтың көңілінен шығатын кеш болды деп ойлаймын», – деді Светлана Айтбаева.

Шығармашылық кеште квартет болып, Қанат, Светлана Айтбаевтар мен Оралбай Мұхамедиев, Арайлым Рахымқызының орындауында Әбен Дәуренбековтің сөзіне жазылған Әли Алпысбаевтың «Ауылдағы той» әні орындалып және Нұрлан Бекеновтің шоқтығы биік шығармасы «Орақты батыр» күйімен қорытындыланды.

Іс-шара барысында «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, сатирик жазушы Әлшекей Бектібайұлы атындағы дәстүрлі әнді дамыту қорының қамқорлық кеңесшісі Көпен Әмірбек сөз алып, ізгі тілегін жеткізді.

«Түркияның кезіндегі Президенті Ататүрік: «Біз шенеуніктер әкім, министр, депутат бола аламыз. Тіпті, Президент те бола аламыз. Бірақ өнер адамы бола алмаймыз. Сондықтан өнер адамдары біздің қолымыздағы емес, біз өнер адамдарының қолынан сүюіміз керек», – деген. Сондықтан *да өнер адамдары қандай құрметке де, қошеметке де лайық. Нұрлан балам Әлшекей бабамыздың күйлерін еліміздің түкпір-түкпіріне барып насихаттап жүр. Мен Әлшекей бабаның тікелей ұрпағымын. Сол себепті Әлшекей атындағы медальді табыс етпекпін*, – деп жарқыраған медальді өнер иесінің кеудесіне тақты.

Шара соңында Нұрлан Бекенов кештің керемет өтуіне ұйытқы болған Әли Алпысбаев пен М.Төлебаев атындағы халық оркестріне, барша ұйымдастырушы-қолдаушыларға алғысын білдірді.

Жаныңды тебірентіп, кез келгенге айрықша әсер қалдырған сазды кеш өте жоғары деңгейде өтті. Келген көрерменнің қай-қайсысының болмасын бойын қазақ өнерінің құдіретті күші биледі. Әдемі кешке жиналған барша жұрт бір сергіп, демалып қалғандарын айтып, мәз болып тарқасты.

Арайлым НҰРЖАПАР

БІЛІМ

МАҚСАТТЫ ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу сапасын жақсарту қай кезде де маңыздылығын жойған емес. Бұл жүктелген міндет оқытудың тиімді әдістерін іздестіруді, сабақ сапасын жаңа деңгейге көтеруді талап етеді. Бүгінгі таңда жалпы білім беретін орта мектептердің алдында үлкен жауапкершілік тұр. Ол заман талабына сай, рухани дүниеге бай жас жеткіншектерді тәрбиелеп шығару.

Білім беру процесінде оқушыларға ана тілінің байлығын меңгертудің алғашқы сатысы да осы білім ошағында дамиды. Жас буынға білім берудің басты мақсаты – оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету, алғашқы грамматикалық мағлұматтарды меңгерту болып табылады. Оқу – өте күрделі психологиялық процесс. Оқу сабағында оқушының дағдысын қалыптастыру негізінде оқығанды қабылдау, түсіну мүмкіндігін арттыру мақсаты көзделеді. Ал, ой-өрісі, сана-сезімі жетіле келе орта және жоғары буын оқушылары жан-жақты қалыптасып, әрбір кезеңнің өзіндік ерекшелігіне байланысты міндеттері де белгіленеді.

Мектептің жоғары сатысы кезеңінің басты ерекшеліктерінің бірі – физикалық тұрғыдан жасөспірімдер арасындағы түсініктік пен іштей толқуларды реттеуді қажет етеді. Тікелей пәнге қатысты тәсілдерді қолдана отырып, мақсатты дағдыларды қалыптастыру әр түрлі тарихи материалды игеру жолындағы әрекеттерді игеруден туындайды. Тәсілдерді құрайтын әрекеттердің тізбесі жұмыстың орындалу тәртібін, оның жалпы бағыттарын айқындайды. Оқу жұмыстарының тәсілдері сөздік-жазулық немесе кескіндемелік әрекеттерге айқын танылады. Ол жағдайда қолданылған тәсілдерді көруге, естуге болады. Сол арнайы тәсілді қолданғанда оқушының жіберген қатесін түзетуге және соның көмегімен оқу материалын тиянақты игеруге жәрдем жасалады.

Тарихты оқуда оқушылардың бойында оқу еңбегінің, соның ішінде ең алдымен ойлау және ақыл-ой дағдылары қалыптасады. Олар тарихи материалдың мазмұнын игеруге бағытталған қисындық операцияларды атқарады. Мәселен; тарихи мәтінге талдау жасау, тарихи фактілер мен құбылыстарды салыстыру, материалды жинақтап, қорытынды жасау болып тізбектеліп келеді. Оқушылардың ақыл-ой дағдыларының деңгейі жоғары болған сайын олардың қисынды ойлау деңгейі де соғұрлым жоғары болады.

Оқу дағдылары арнайы тарихи материалды игеруге бағытталады, оның нәтижесінде тарихи диалектикалық ойлау дағдылары қалыптасады. Сондай дағдылардың бірі – тарихи деректерді уақыт шегінде оқшаулау. Ол үшін мынадай әрекеттер бірізділікпен атқарылуы тиіс: тарихи оқиғаның ұзақтығы мен сабақтастығын, олардың синхрондылығын анықтау; тарихи құбылыстар мен процестердің кезеңдері мен дәуірлерін анықтау; оқиғаны белгілі бір тарихи кезеңмен ұштастыру.

Осы сияқты оқушылар оқиғалар мен құбылыстарды кеңістік шеңберінде оқшаулау дағдыларын меңгереді. Бұл дағдылар картамен жұмыс арқылы қалыптасады. Тарихты оқыту барысында оқушылардың игеретін дағдыларының бір тобы оқулық мәтінімен, оқу құралдарымен және дерек көздерімен, тарихи құжаттармен жұмыс істеуге байланысты. Бұл дағдылар мынадай әрекеттерді орындауды талап етеді: жай және күрделі жоспар құра білу; оқулықтың құрауыштарынан бағдар ала білу; тарихи құжаттарды оқып-үйрену барысында конспект және тезис жасай алу; бір мезгілде бірнеше дереккөзін пайдаланып, қажетті мағлұматты ала білу; алған білімдерін жүйелеп, қисынды пайдалану. Тарихты оқу барысында оқушылар тарихи процестің жекелеген кезеңдерін немесе ұқсас құбылыстарды салыстыру, олардың себеп-салдарлы байланыстарын анықтау, құбылыстар дамуындағы өзгерістерді көре білу дағдыларын да игеруі тиіс. Бұл дағдылар арқылы оқушының бойында алған тарихи білімдерін мақсатты түрде қолдануға жол жеткізеді. Бұл дағдыларды қалыптастыру мұғалімнің басшылығымен жүргізіледі де, ол жоғары сыныптарда оқушылардың дербес, өздігінен жұмыс істей алуына ұласуы тиіс.

Жалпы алғанда, оқу жұмысының тәсілдері мынадай тиісті ақыл-ой әрекеттерімен сәйкес келеді: талдау, жинақтау, жалпылау, оқу материалын салыстыру, тарихи материалды көз алдына елестету, есте сақтау.

Тарихты оқытуда жоғарыда аталған іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру үшін мұғалімнің өзі белгілі бір әдіс-тәсілдерді меңгеріп алуы тиіс. Әсіресе, мектепте тарихты оқыту барысында үнемі қажет болатын дағдылардың, қай сыныпта қандай дағды қалыптастыру қажет екендігін жетік білуі тиіс. Сонымен бірге, мұғалім сыныптан сыныпқа өткен сайын дағдыны күрделендіріп, дамытудың нақты жоспарластыра білуі керек. Мектеп бітірушілерді білімді дербес, өздігінен игеру дағдыларымен қаруландыру мақсатын көздейтін бұл бағыттағы жұмыстар мұғалімнен үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бұл жұмысты оқушылардың жас ерекшелігін ескеріп, тарихтың әрбір курсының материалдары негізінде олардың бойында қалыптастырылатын дағдылардың тізімін белгілейтін мектеп бағдарламасымен танысудан бастау қажет. Бұл тізім сыныптан сыныпқа өткен сайын оқушылардың дағдыларын қалай дамытып, арттыру керек екендігіне бағдар береді. Дағдыларды қалыптастыру мақсатты болуы тиіс. Әр сабақта қандай дағдыны қандай жолдармен қалыптастыру керек екендігі де белгілі болуы тиіс. Дағдыларды қалыптастыру жүйелі жүргізілуі үшін оқушыларға қажетті оқу жұмысының тәсілдері түсіндіріледі; сабақтардағы жаттығу тапсырмаларының жүйесін қамтамасыз етіп, олардың орындалуын қадағалауы қажет.

Б.ЕГИЗБАЕВА,
К. Ушинский атындағы №7 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕДИЦИНА

КАК РАБОТАЕТ СКОРАЯ ПОМОЩЬ В АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ?

ВСЕМ ИЗВЕСТНО, ЧТО С 2018 ГОДА НА ОСНОВАНИИ ПОСТАНОВЛЕНИЯ АКИМА АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ ГККП «ГОРОДСКАЯ СТАНЦИЯ СКОРОЙ И НЕОТЛОЖНОЙ МЕДИЦИНСКОЙ ПОМОЩИ Г. ТАЛДЫКОРГАН» РЕОРГАНИЗОВАНА В ГКП НА ПХВ «ОБЛАСТНАЯ СТАНЦИЯ СКОРОЙ И НЕОТЛОЖНОЙ ПОМОЩИ» УПРАВЛЕНИЯ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ. В СОСТАВ ОБЛАСТНОЙ СТАНЦИИ СМП ВОШЛИ ВСЕ РАЙОННЫЕ ОТДЕЛЕНИЯ СКОРОЙ ПОМОЩИ, А ТАКЖЕ ОТДЕЛЕНИЕ САНИТАРНОЙ АВИАЦИИ. СЕГОДНЯ МЫ УЗНАЕМ, КАК ИЗМЕНИЛАСЬ РАБОТА ЗА ЭТИ 4 ГОДА.

По словам директора станции скорой и неотложной медицинской помощи Савелия Пак, в централизованности скорой помощи есть свои плюсы.

– Во-первых, один из плюсов - слаженность и единый формат работы. Во-вторых, целевое использование транспорта. В-третьих, единый алгоритм оказания медицинской помощи, единое оснащение медикаментами. Не нужно думать, что если диспетчер сидит за 200 километров от пациента, то отработает хуже чем диспетчер, сидящий рядом. Централизация позволила решить ряд важных проблем, а именно создать единые диспетчерские службы , исключить нецелевое использование санитарного автотранспорта, улучшить своевременность доезда и оказания медицинской помощи, а также исключить задержки при оказании помощи в приграничных к районам зонам, – подчеркнул Савелий Геннадьевич.

Стоит отметить, всего в сутки в среднем работают от 15 до 17 столов диспетчеров по приему вызовов и 6 столов эвакуаторов. Также есть столы старших врачей и старших эвакуаторов. Диспетчера, приняв вызов, в течение 1-2 минфут определяют личные данные, состояние пациента, категорию срочности, место жительства. Затем этот вызов передается в зал эвакуации, где по карте определяется ближайшая свободная машина. С момента, когда был прием вызова и дальнейшие действия по доезду и отслеживанию маршрута, будет вести эвакуатор. За каждым диспетчером эвакуатором закреплено по 3-4 района. Именно он решает, необходимо отправить врачебную или фельдшерскую бригаду. Контролирует работу всех эвакуаторов – старший эвакуатор.

В диспетчерскую службу в смену заступает три врача. Все сложные вызова переключаются на них. К примеру, произошло крупное ДТП. Что можно сделать до приезда скорой, а чего лучше не делать подскажет врач. Он остается на связи до прибытия бригады. При этом координирует действия едущей на помощь бригады.

Внедрена система «Комек-103», автоматически вызова поступают на пульт «103», по принятию вызова согласно категории срочности на вызов отправляется ближайшая бригада скорой помощи, которая контролируется в онлайн режиме. Так же необходимо отметить, что с 2021 г во всех санитарных автомашинах скорой медицинской помощи установлен видеорегистратор с GPS навигацией.

С помощью видеорегистратора можно получить полную информацию о транспортном средстве для систем мониторинга с помощью GPS- трекеров. Такие датчики предназначены для фиксирования параметров кареты скорой помощи, с целью получать детальные сведения о пробеге, скорости движения и состояния главных узлов автомобиля.

– Все вызовы на номер «103» были разделены на четыре категории: первые три - это скорая помощь (речь идет об острых состояниях), четвертая категория - неотложная помощь (случаи обострения хронических заболеваний), которую теперь должны обслуживать врачи поликлиник. Решение о том, какая именно помощь нужна, в каждом конкретном случае принимает дежурный врач. Обслуживание последней категории «скорая» передает поликлиникам. Такое разделение не отвлекает от оказания своевременной экстренной помощи тем, кто действительно в ней нуждается. Но если поликлиника не успевает обслужить всех пациентов, то мы всегда наготове помочь, – сказал Савелий Геннадьевич.

Напомним, в 2020 г населению круглосуточную медицинскую помощь оказывала 121 бригада скорой. Но в конце 2020 г на условиях финансового лизинга получено 150 санитарных автомашин оснащенными 100% медицинским оборудованием. С каждым годом увеличивается количество автомашин и формируются новые бригады СМП.

У большинства приехавших к вам сотрудников 103 за плечами сотни спасенных жизней. И ОЧЕНЬ тяжелая работа – бригады сутками не покидают машин, работают без возможности нормально поесть и отдохнуть.

А. КОЖАХМЕТ.

ЭКОНОМИЧЕСКИЕ РЕФОРМЫ

ОБСУЖДАЕТСЯ КОНЦЕПЦИЯ

новой экономической политики с экспертным сообществом, бизнесом и госорганами

В настоящее время Концепция новой экономической политики обсуждается с экспертным сообществом, бизнесом и госорганами.

Агентство по стратегическому планированию и реформам (АСПиР) в июле 2022 года представит пакет реформ в рамках новой экономической политики. Об этом сообщает пресс-служба АСПиР.

«*Новая экономическая политика основывается на следующих приоритетах: устойчивые институциональные реформы, честная конкуренция и экономическая свобода, макроэкономическая стабильность, диверсификация экономики, развитие человеческого капитала и реформа госуправления*», – отметил глава АСПиР Асет Иргалиев.

В настоящее время Концепция новой экономической политики обсуждается с экспертным сообществом, бизнесом и госорганами. В мае текущего года будут выработаны реформы по направлениям и проработаны с госорганами и депутатами парламента. В июле 2022 года ожидается финализация пакета реформ «под ключ».

На данный момент агентством проводится системный анализ текущей ситуации, формирование стратегических задач и конечных результатов, определение приоритетных направлений для реформ. В АСПиР отметили, что к работе привлечены такие организации-партнеры, как Международный валютный фонд, Всемирный банк, Азиатский банк развития, Исламский банк развития, Европейский банк реконструкции и развития, Программа развития ООН, Совет иностранных инвесторов. Кроме того, в разработку пакета реформ вовлечены независимые эксперты, бизнес-сообщество, отраслевые госорганы и исследовательские институты.

ЗАРПЛАТА

ОБСУДИЛИ ПРОГРАММУ ПОВЫШЕНИЯ ДОХОДОВ НАСЕЛЕНИЯ

На заседании казахстанского правительства обсудили программу повышения доходов населения до 2025 года – в ней приоритетным критерием указано обеспечение «достойной зарплаты» бюджетным работникам, передает корреспондент NUR.KZ.

«Для обеспечения роста трудовых доходов будет увеличена средняя зарплата работников сфер здравоохранения, образования, культуры, науки», – заявил на заседании министр нацэкономики Алибек Куантыров.

Премьер-министр Алихан Смаилов добавил, что повышение заработных плат предусмотрено бюджетным работникам, в том числе врачам, среднему медицинскому персоналу, педагогам и другим. Также он поручил поднять среднюю зарплату работников акиматов и отраслевых госорганов.

«Отраслевым госорганам, фонду “Самрук Казына”, акиматам обеспечить увеличение заработных плат работников до среднеотраслевого уровня, а также повышение средней заработной платы бюджетных работников», – заявил Смаилов.

Напомним, что в рамках программы повышения доходов в правительстве заявили о создании фабрик переквалификации и статуса «молодой рабочий».

ВЕЛОСПОРТ

КАЗАХСТАНСКИЙ ГОНЩИК ЕВГЕНИЙ ФЕДОРОВ ВЫИГРАЛ ЗОЛОТО ЧЕМПИОНАТА АЗИИ ПО ВЕЛОСПОРТУ, СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА КФВС. ОН ПОКАЗАЛ ЛУЧШИЙ РЕЗУЛЬТАТ В ИНДИВИДУАЛЬНОЙ ГОНКЕ С РАЗДЕЛЬНЫМ СТАРТОМ СРЕДИ МУЖЧИН В ЭЛИТЕ.

НАШ ГОНЩИК ЧЕМПИОН АЗИИ!

Расстояние в 24 километра Федоров проехал за 28 минут и 45.197 секунды.

Второе место у японца Нариюки Масуда (+51.548). Третье – у узбекского гонщика Мураджана Халмуратова (+1:13.094). "Отличный день для нашей сборной! Во-первых, очередную медаль в копилку Казахстана среди мужчин принес Евгений Федоров. Конечно, результат был ожидаемым, ведь уже много лет Казахстан – признанный лидер по велоспорту в Азии и этим фактом можно смело гордиться.

Евгений – талантливый молодой спортсмен, который, я думаю, ещё не раз заявит о себе. Кроме того, особенно порадовала сегодня золотая медаль среди девочек! Рината Султанова стала первой казахстанской гонщицей, завоевавшей титул чемпионки Азии по велоспорту на шоссе в истории!

Женский велоспорт сегодня в Казахстане активно развивается и это не может не радовать!

«Я поздравляю всех наших спортсменов, которые достойно представляют страну на этом чемпионате Азии и желаю удачи тем, кому еще предстоит выступить!» – прокомментировал президент КФВС Нурлан Смагулов.

Напомним, что женскую «разделку» выиграла казахстанка Рината Султанова.

ЦЕНООБРАЗОВАНИЕ

СКАЧОК ЦЕН НА ПРОДУКТЫ ОБЪЯСНИЛИ

-МАКСИМАЛЬНЫЙ РОСТ ЦЕН НА СОЦИАЛЬНО ЗНАЧИМЫЕ ПРОДОВОЛЬСТВЕННЫЕ ТОВАРЫ ЗАФИКСИРОВАН В МАНГИСТАУСКОЙ, КОСТАНАЙСКОЙ И КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТЯХ. ЭТОТ СКАЧОК ОБЪЯСНИЛ ПРЕДСЕДАТЕЛЬ КОМИТЕТА ТОРГОВЛИ МИНИСТЕРСТВА ТОРГОВЛИ И ИНТЕГРАЦИИ РК ЕРЖАН КАЗАНБАЕВ, ПЕРЕДАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ МИА «КАЗИНФОРМ».

В Мангистауской области рост цен допущен на 0,8%, в Костанайской и Кызылординской областях – на 0,4%.

«Со стороны акиматов немного была упущена работа по контролю, и в этих целях даны соответствующие поручения, проверить всю цепочку ценообразования в той сети, где мы увидели нарушения. Сеть превысила норму реализации свыше 15%. Для стабилизации цен в стабфондах у нас есть достаточно запасов. Поэтому местные исполнительные органы будут принимать соотвествующие меры по интервенции на рынок более дешевой продукции, чтобы сгладить ту цену, которая у нас сейчас произошла», – сказал Е. Казанбаев, отвечая на вопросы журналистов в Службе центральных коммуникаций.

Что касается цен на сахар, то они выросли из-за ажиотажа, вызванного дезинформацией о том, что запасы в Казахстане истощатся через три месяца и будет дефицит. За пять дней ажиотажной продажи казахстанцы скупили в пять раз больше сахара, поэтому на полках в магазинах наблюдается их отсутствие. При этом, как заверил председатель комитета, поставки со складов идут по графику и, возможно, уже сегодня сахар поступит на полки магазинов. В целом, за прошедшую неделю цены на социально значимые продовольственные товары выросли на 0,2%. Больше всего подорожали капуста, сахар и картофель. По данным вице-министра сельского хозяйства РК Жениса Осербай, всего по республике имеется порядка 1,3 млн тонн социально-значимых товаров, в том числе муки – 144 тысячи тонн, сахара – порядка 90 тысяч тонн, риса – 39,3 тысячи тонн, макарон – 21 тысяча тонн и порядка 900 тысяч тонн овощной продукции. Запасы продовольствия обновляются и пополняются ежедневно по мере необходимости.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Апат айтып келмейді

ҚАМДАНҒАН ҚАПЫ ҚАЛМАЙДЫ. АЛАЙДА, БАТЫС ЖӘНЕ СОЛТҮСТІК, АРҚА ӨҢІРЛЕРІНДЕ КҮННІҢ КҮРТ ЖЫЛЫНУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ СУ ТАСҚЫНЫ КӨРІНІС БЕРДІ. ОНСЫЗДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛ СЫН КӨТЕРМЕЙ ТҰРҒАНДА, КӨКТЕМГІ ТАСҚЫНҒА АТҮСТІ ҚАРАҒАН ӨҢІРЛЕРДІ СУ БАСЫП ЖАТЫР. АҚМОЛА, АҚТӨБЕ, ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН, БАТЫС ҚАЗАҚСТАН, ҚАРАҒАНДЫ, ҚОСТАНАЙ, ПАВЛОДАР МЕН СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ 160-ҚА ЖУЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНГЕ СУ БАСУ ҚАУПІ БАР ЕКЕНІН ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ ХАБАРЛАҒАН БОЛАТЫН. АЙТЫП АУЫЗ ЖИҒАНША, АТЫРАУ, АҚТӨБЕ, ОРАЛ ҚАЛАЛАРЫН ЕРІГЕН ҚАР СУЫ БАСЫП ҚАЛДЫ. ЖАЛПЫ ҚАЗАҚСТАНДА 227 ЕЛДІ МЕКЕНДЕ ТАСҚЫН СУДЫҢ ҚАУПІ БАР ДЕП МИНИСТРЛІК ДАБЫЛ ҚАҒУДА.

Биыл Жетісу және Оңтүстік өңірлер Қызылорда, Жамбыл, Түркістан облыстарында қыс жайлы болды. Тіпті, қар жаумады десе де болады. Күзде ауа-райы жаңбырлы болып, желтоқсан-қаңтар айларында қар қалың түспеді. Ал Батыс, Солтүстік, Арқа, Шығыс Қазақстан облыстарында қар қалың түсіп, көктайғақ, бұрқасын жел болып, жауапты мекемелер аймақ түгілі, қала көшелеріндегі жауған қарды тазалап үлгермей жатты. Тіпті, ақ мамықтың апталап жауған кездері де ұмыт бола қойған жоқ. Айтулы өңірлер көктемнің келетінін біліп, алдын ала су тасқынына қам-қарекет жасаулары тиіс еді. Бірақ «Сен салар да мен салар, атқа жемді кім салар» дегендей, бірбіріне сілтеген жауапты мекемелер көктем шығып, ауа-райы күрт жылынып, қар көбесі сөгіліп тасқынға ұласқанда «Жау кеткен соң қылышыңды қиға шап» дегеннің керін жасауда. Мәселен, Ақтөбе облысының әкімі Оңдасын Оразалин қала әкіміне: «Тиісті қаражатты дер кезінде бөліп бердім, көктемгі тасқынға сақадай саймын дегенің қайда?» деп жұрт көзінше әкімнің екі аяғын бір етікке тықты. Тіпті облыс орталығындағы «Батыс-3» тұрғын үй алабын су шайып, бір бүлдіршін тасқын судың құрбаны бола жаздады. Құдай сақтағанда көшеде жүрген адамдардың көзі шалып, баланы көпір астынан әрең шығарып алды. Тасқын судың қатты болғаны сондай, тұрғын үйлерге басып кіріп, көшедегі көлік қозғалысын шектеп, республикалық жолдарды да бүлдіріп, қалаға қатынауды қиындатқан. Тілсіз жаудың ойранынан кейін Ақтөбедегі облыс әкімінің орынбасары Жақсығали Иманқұловтың төрағалығымен су тасқыны кезеңіндегі төтенше жағдайды ескерту мен жоюға байланысты кезекті отырыс өтті. Ақтөбелік Төтенше жағдайлар департаментінің ақпаратына сәйкес, облыс аумағының 71 пайызын қар басқан. Шалқар және Ырғыз аудандарында қар еріп, Байғанин ауданында екі ауылдық елді мекенге, Қобда ауданында екі ауылға апаратын грейдер жолы мен көпірді су шайып кеткенін мәлімдеді. Бұдан бөлек, Ақтөбе облысына көрші жатқан Батыс Қазақстан да тасқын сумен алысып әлек. Себебі Орал қаласында су тасып, апат орын алды. Бұл туралы azh.kz сайты хабарлады. Тасқынға қамданған аудандар арасында Жылыой аймақ бар. Тасқын селді суармалы алаңдарға жіберіп үлгеріпті. Атырау облысындағы ауылдарда су басып, тұрғындар қауіпсіз жерге көшірілген. Бұған қатысты өңірлік Төтенше жағдайлар департаменті пікір білдірді, деп хабарлайды KAZ.NUR.KZ.

Ведомствоның мәліметінше 30 наурыз күні сағат 22.00-де Сағыз ауылында еріген қардың әсерінен Ноғайты өзені арнасынан асқан. Су деңгейі шамамен 3 метрге көтерілген. Төтенше жағдайлар Министрлігінің хабарлауынша Қазақстанның 227 елді мекенінде тасқын судың қаупі барын айтуда. Өткен аптада тасқын су мен тосын дауылдан зардап шекпеген аймақтар жоққа тән. Мәселен Алматы облысында да, ұйытқыған дауылдан қала көшелеріндегі жарнамалық билбордтар мен ағаштар құлап, ғимараттар мен тұрғын үйлердің шатырын жұлып кетті. Өзге өңірлердегі тосын апаттарға байланысты Алматы облысында қауіп-қатердің бар-жоғын білмек болып облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз өкілдеріне хабарластық. ТЖД-нің ескертуі бойынша, Жетісу өңірінің тауларында 01-04 сәуір аралығында көшкін қаупі бары айтылған.

Төтенше жағдайлар департаменті азаматтардан, туристерден және демалушылардан қар көшкінінің ықтимал түсуіне байланысты қарлы беткейлерге шықпауды, сондай-ақ таулы жерлерде барлық қауіпсіздік шараларды сақтауды сұрайды.

Алматы облысының аумағында көшкін қаупі бар 109 учаскі бар. Олар: Еңбекшіқазақ, Талғар, Қарасай, Сарқан, Ескелді аудандарында және Текелі қаласында, сондай-ақ Іле Алатауы жотасының Оңтүстік беткейінде және Жетісу Алатауы тауларының Солтүстік жотасында орналасқан.

Негізінен қар көшкінінің түсуі температуралық фонның жоғарылауы және жаңбыр мен қар түрінде мол жауын-шашынның түсуі себебінен болады.

Бүгінгі таңда облыс аумағында жағдай тұрақты.

Қауіпсіздік шараларына 9-шы ақпанда су тасқыны кезеңіне дайындық мәселелері бойынша төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі облыстық комиссияның отырысы өткізілді. Онда барлық мүдделі мемлекеттік органдарға су тасқыны кезеңінің қауіпсіз өтуі бойынша алдын алу іс-шараларын өткізудегі нұсқаулар мен тапсырмалар берілді. Облыстық комиссия су тасқыны қаупі бар учаскелерді тексеріп, 43 елді мекенді анықтады.

Облыс аумағында 417 гидротехникалық құрылыс бар (оның ішінде республикалық меншікте – 123, коммуналдық меншікте – 171, жеке меншікте – 123), оның ішінде: 80 – су қоймасы, 123 – тоған, 22 – бөгеттер мен дамбалар, 34 – су торабы, 158 – магистральдық канал және 1 – иесіз тоған бар. Еңбекшіқазақ ауданы транзиттік режимде жұмыс істейді. Оларды толтыруға күнделікті мониторинг жүргізіледі.

Су тасқыны қаупінің бар-жоғын білу үшін 107 гидробекет қойылды (оның ішінде 69 – «Қазгидромет» РМК және 38 – «Қазселденқорғау»).

Шұғыл шығындарға арналған резервте және облыстың төтенше резервінде 3,5 млрд. теңге көзделген.

2021 жылғы су тасқыны кезеңіне дайындық барысында 11 шақырым арық дренаж жүйесі салынып, жөнделді. 14 шақырым су бұру арналары орнатылып, тазаланды. 3,8 шақырым механикалық тазалау, 1,3 шақырым қорғау бөгеттері салынып, жөнделді. 7,4 шақырым су тасқыны қаупі бар өзен арналары жағалауларын нығайту және түзету бойынша жұмыстар жүргізілді. 1862 шақырым – арық, 2019 шақырым – канал; 3007 – су өткізу құбырлары тазартылды.Резервте: 183 тонна – ЖЖМ (бензин және дизель отыны), 65 мың дана – қаптар, 4 мың тоннадан аса – инертті материалдар дайындалды.

Басқару органдарын және халықты хабардар ету үшін: 371 хабардар ету құрылғысы бар. Шұғыл ден қою жасақтары мен азаматтық қорғау қызметтері дайындалды. Оның ішінде 4135 – жеке құрам, 619 бірлік техника, 265 шатыр, 1,2 төсек-орын және 16 мың төсек-орын жабдықтары, 810 мың дәрі-дәрмек қаптамасы, 125 мотор сорғысы әзірленді.

13 су шаруашылығы жол картасы шеңберінде 2021-2023 жылдарға арналған «Су тасқынына қарсы іс-шаралар» нысандары жоспарланған. 2021 жылы 3 нысан бойынша: – Іле ауданының «К-3» су қоймасын ағымдағы жөндеу (жұмыстар аяқталды); – Балқаш ауданының Бақанас және Тасмұрын су алу құрылғыларының жөндеу жұмыстары аяқталды.

2022 жылы 5 су шаруашылығы нысанында жұмыстарды бастау жоспарлануда. Аталған іс-шаралар тұрақты бақылауда дейді төтеншеліктер. Апат айтып келмейді. Бірақ сақтық шаралары ұдайы назарда болуы шарт. Себебі Батыстан бастау алған келеңсіз жағдайлар жергілікті биліктің көктемгі су тасқынына қағаз жүзінде дайындалып, іс жүзіне келгенде орасан шығындарға жол бергенін көрсетіп тұр. Жетісу өңірінде биыл қар қалың түспеді, десек те, таулы аймақтарда жауған қардың көбесі біртіндеп сөгілуде. Ауа-райы тағы да күрт жылынып, арты жауын-шашынға ұласатын болса, оның арты қауіп-қатерге ұласуы бек мүмкін. Мұндай ақпаратты Төтенше жағдайлар департаменті де ескертуде. Сондай-ақ елді мекендегі тұрғындарда бұған жауапкершілікпен қарап, ауласындағы және көше бойындағы арықтарды тазалап, судың тоқтаусыз ағып кетуіне айрықша көңіл бөлулері керек. «Құдай, сақтанғанды сақтаймын» дегенін ауылдық және қалалық тұрғындардың бәрі назардан шығармаулары тиіс. Көктемгі егіс жұмыстары басталып, қам-қарекет тіршілікке көшкен диқан қауымында өткен жылғы қуаңшылықтан бір тамшы суға зарыққанын ел ұмыта қойған жоқ. Егіншілер үшін жердің ылғалдығы аса қымбат. Алайда, мезгілсіз соққан дауыл мен тосыннан келген тасқын, алапат күш жайбасарлықты көтермейді.

Айтақын МҰХАМАДИ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

«ТАЛДЫҚОРҒАН» ТАРИХЫ және «ТАЛДЫҚОРҒАН» ГАЗЕТІ жайлы пайым

ӘУЕЛІ ТАЛДЫҚОРҒАННЫҢ ТАРИХЫНА ТЕРЕҢІРЕК ҮҢІЛІП КӨРЕЛІК. БІЗДІҢ БІРҚАТАР ӘРІПТЕСТЕР ТАЛДЫҚОРҒАННЫҢ ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫ БОЛҒАНЫНА 20 ЖЫЛ ДЕП ҰРАНДАТЫП ЖҮР. АЛАЙДА БҰЛ ҚАТЕ ПІКІР. ТАЛДЫҚОРҒАН БҰРЫН ДА ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫ БОЛҒАН. АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНА ҚОСЫЛҒАНҒА ДЕЙІН, ЯҒНИ, ВЕРНЫЙ УЕЗІНЕ ҚАРАСТЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ АЛМАТЫ ОКРУГІ 1932 ЖЫЛДЫҢ 10 НАУРЫЗЫНАН БАСТАП АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЛЫП ҚҰРЫЛАДЫ. АЛ 1944 ЖЫЛЫ 16 НАУРЫЗДА ТАЛДЫҚОРҒАН ОБЛЫСЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНАН БӨЛІНІП ШЫҒЫП, 15 ЖЫЛ ЖЕКЕ ОБЛЫС БОЛДЫ.

Ол жылдар тарих қойнауына еніп, 1959 жылдан 1967 жылға дейін Талдықорған, Алматы облысының құрамына кірді. Сонымен 1968 жылы қайтадан жеке облыс болды. Бұл жылдары облыс орталығында аккумулятор зауыты салынып, Жетісу шағын ауданы бой көтерді. Ел тоқырауды бастан өткізген 1997 жылы Талдықорған облысы таратылып, аудандар Алматы облысына қайта қосылды. Нарықтық жүйеге көшіп, ұзынды қысқартып, қысқаны қыл көпірден өткізген дәуірде Талдықорған, Семей, Жезқазған, Көкшетау, Торғай облыстарының қатарында тағыда қысқаруға ілігеді. 1944-1959 жылды санасаңыз Талдықорған 44 жыл жеке отау құрып, әрі облыс, әрі орталық болған. Белгілі айтыскер, халық ақыны Қонысбай Әбілов Торғай облысы жайлы, 1977 жылы павлодарлық Серік Құсанбаевпен республикалық додада айтысқанда:

Торғайым ақ патшаға жақпап еді,
Кеңесте арқасынан қақпап еді.
Екеуі жиырма жылда облысты,
Екі рет ашып қайта жаппап еді.

Торғайым көрген талай шайқасыңды,
Жасыту оңай болмас қайта асылды.
Қонаев кеткен кезде жабылып қап,
Колбиннен құтылғанда қайта ашылды.

Аламын десе құдай қоймайды екен.
Жығылған күреске шын тоймайды екен.
Басына үкіметтің кім келсе де,
Торғайды ашып-жауып ойнайды екен,
«Әй-әй-әй» – деп зарлаған-ды. Қонысбай ақын Торғайды тоздырған үкіметті қарғап жылағанда үшінші мәрте Алматы облысына қайта қосылған Талдықорғанның басынан бағы тайды-ау деп бізде көз жасымызды көлдеткенбіз. Қала қаңырап, не жылу, не жарық жоқ, жұртта қалған кедей-кепшік, көп қабатты үйдің тұрғындары балконға, далаға ошақ жасап, қазан қайнатқан күндер де болған. Шекаралық аймақтың қараусыз қалуы көптің көңілін алаңдатып, Президентке бұрқыратып хат жазып, Алматы облысының орталығын Талдықорғанға көшіру туралы ұсыныстар да айтылған. Қазақ «Іштен шыққан жау жаман» демекші, облыс орталығын Талдықорғанға көшірмеймін деп ертоқымын бауырына алып тулаған марқұм Заманбек Нұрқаділовке еріп ардагерлер мен зиялы қауым «Талдықорғанның жағдайы өте жақсы, бізге облыс орталығының тіпті қажеті де жоқ» деп арыз жазып бергендерді де көрдік қой. Небір тар жол, тайғақ кеушуден өткен Талдықорғанның тарихын беріден қозғап, арғы жағын ұмытуға болмайды. Ал облыс орталығы болғанына 20 жыл болды дегенге мен қарсымын. Әр нәрсені атымен атап, түсі-мен түстегенге не жетсін. Көлдей аққан көздің жасын көрді ме, Құдайдың рақымы түсіп патшанның беті елге бұрылып, жаратқан жар болып, 2001 жылы қырқүйекте қайта облыс орталығы мәртебесін алды. Құрылыс қарқын алып, экономикалық жағдай жақсарып, адам саны көбейіп, ел еңсе көтерді. Өзіміз куә болып отырғандай, осы 2022 жылы облыс Алматы және Жетісу облысы деп аталып, қайтадан екіге бөлініп жатыр. Ендігі ғұмыры ұзақ болып, инвестиция тартылып, өндіріс орындары көптеп ашылып, аграрлық аймақтың ажары кірсе құба-құп. Елдің де бар тілегі осы.

Газет 1992 жылдың 2-наурызынан шыға бастады
Талдықорған
30
ҚАЗАҚСТАН
12+
№44 (1625) Жұма, 13-қараша 2020 жыл / Қоғамдық-саяси газеті
TDKO
www.taldykorgan-online.kz
«ҚАРТТАРЫМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ»
КІТАБЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ
Қалалық ардагерлер ұйымының бастамасымен және шаһар басшысы Ғалымжан Райымұлының қолдауымен «Қарттарым – асыл қазынам» кітабы оқырманға жол тартты. Аталмыш туынды Ұлы Жеңістің 75 жылдығы аясында шығарылған.

Жаратқан Жетісуды қолдаса екен,
Жақсылығын ақындар толғаса екен.
Алматы енші беріп қайта бөлді,
Жас отау жабырқамай, тоңбаса екен.
Бір ажырап, қайтадан бір қосылған,
Ерлі-зайыптылардай болмаса екен.

Қанат жайып қырандай самғаса екен,
Қатарынан Талдықорған қалмаса екен.
Жас отаудың ортасына тағы түсіп,
Обалына Үкімет қалмаса екен, – деп шайлығып қалған жүрек үркектеп отыр.

Енді қаланың атауымен аттас «Талдықорған» газеті жайлы пайымдасақ.

Ел егемендігін алғаннан бері өңірдің тыныс-тіршілігін тынбай жазып, халықтың айнасына айналған «Талдықорған» газетіне наурыз айында 30 жыл толды. «Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп құлағынан айырылыпты» дегендей, ақпарат саласындағы түрлі реформалардың құрбанына айналғандардың бірі – осы басылым. Бұл редакцияның қалада Ақын Сара көшесіндегі екі қабатты жеке ғимараты болған. Аудан, қала өңіріндегі ақпараттардың басын біріктіруді көздеп, Медиа холдинг құрылғанда көштен қалмай, қомақты қаржымен жылы ұяларын әкімдікке өткізіп, холдингке мүшелікке өтеді. Алайда айтулы Медиа холдингтың ғұмыры келте болып, бірікен басылымдар «Балапан басымен тұрымтай тұсымен» кетеді. Жарылқайды деген холдингтен қорланып шыққан баспалар қатарында «Талдықорған» газеті жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып құрылып, 50 де 50 пайызбен жұмыс істеген. Талдықорғанның қазіргі тағдыры қыл үстінде тұр. Қазір журналистер үйінде әр жерде тарыдай шашырап отырған тілшілер жетім қозы тасбауырдың күйін кешуде. Егер түбегейлі жекешеленіп кетсе, болашақ тағдыры қалай болады? Орда бұзар жас – отыз жылдың тойы әкімдік тарапынан аталып өте ме, жоқ па ол жағы бізге беймәлім. Мүмкін маусым айындағы төртінші билік аталып кеткен Бұқаралық ақпарат саласының қызметкерлері күніне орай, қала әкімдігінің сақтап отырған сарқыты бар шығар. Шынында, бұл бір ғана «Талдықорған» газетінің басындағы ахуал емес-ті. Жалпы ақпарат саласындағы түйінді мәселелердің бірі де, бірегейі. Қазір қалалық, аудандық газеттердің көбі жекешеленіп кетті. Түптің түбі «Талдықорған» газеті де осы кебенекті киері сөзсіз. 11 редактор ауыстырған бұл басылымның алғашқы редакторы белгілі сатирик – Тұрлыхан Кәрімов болған. Одан кейін Тұрсын Шеңгелбаев, Қанат Әуелбеков, Кемел Құсайынов, Атсалим Идигов, Клара Камарова, Іляс Бияхмет, Баян Таңатарова, Данияр Сейсенбаев, және қазіргі редакторы Гүлжанат Нұршанова басқарған басылым қаладағы сан-салалы, әлеуметтік-экономикалық, мәдениет, спорт, денсаулық, білім жүйесінде актуалды тақырыптарға қалам тартты. Тіпті, тарихты терең бойлап, мемлекеттік тілдің жоқтаушысына айналған басылымның бірі осы «Талдықорған» газеті.

Өткен тарихына көз жіберсек, газет алғаш құрылғанда қала әкімі болған Аманғазы Шегіровтың қамқорлығы айрықша болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында компартия тарап, халық танауын тасқа соққан балықтай сансырап жан-жаққа көшіп жатқанда қаладағы көптеген нысандарды аман сақтап, жұмысын тоқтатқан кәсіпорындарды талан-таражға жібертпей, соның қатарында өзі құрған «Талдықорған» газетінің бүгінгі күнге жетуіне дәнекер болған да осы Аманғазы Шегіров. Басылымның 30 жылдығы аталып өтері немесе өтпесі қазіргі қала әкімі Әсет Масабаев мырзаға қатысты жағдай. Өткенде әкімнің журналистер қауымымен кездесуінде «Талдықорған» газеті туралы көкейкесті ойымды айтқанмын. Бүгінде интернет желісі су төкпейтін жорғадай бүлкілдеп, ақпарат құралдарының алдын орап, бәсекелестік тудырып тұрған заманда өмір сүріп жатырмыз. Қарап тұрсаң, қазір екінің бірі блогер, журналист болды. Ауыздарына не келсе соны жазып, «ақсақты тыңдай, өтірікті шындай ғып» жазушы атанып жүргендерден аяқ сүрінеді. Ал шынайы ақпараттың қазанында қайнап, ыстығына күйіп, суығына тоңып, атан түйе арқалаған жүкті арқалап жүрген шынайы тілшілер, олар қызмет атқаратын басылымдар қамқорлыққа зәру болып қалды.

Алдағы уақытта «Талдықорған» газетінің де таңы арайлап атарына сенімім мол. Көрген қиындықтары жолда қалып, жаңа белестерді бағындыруға, нарық талабына орай икемделіп ілгері басуына, ордабұзар отызына тағы отыз қосылсын деген жүрекжарды лебізімізді «Алатау» қоғамдық саяси газетінің атынан айтып, шынайы ниетпен құттықтаймыз!

Айтақын МҰХАМАДИ

Дүйсенбі - Понедельник, 11 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 02.20 Әнұран
06.05, 02.00 «Жәдігер»
06.25 «Masele»
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.35 AQPARAT
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 21.30 Т/х «Ауыл мұғалімі»
13.10, 17.15 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «Apta»
16.10 Т/х «Қаныш. Қазына»
20.35 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 Бағдарлама «1001 Түн»
01.10 «Ashyq alan»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00, 16.00 Discovery: Сквозь червоточину с М. Фрименом
07.00 «Таңғы хабар»
10.00, 18.00 Мегахит
12.00 Т/х «Бәсеке-2»
13.00 Т/х «Бөлелер»
15.00 «Бүгін»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Тікелей эфир «Негізінде»
20.35 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
21.30 Премьера «По сути»
21.35 Т/х «Бекзат»
22.30 Тұсаукесер «Түнгі хабар»
00.00 «Сырты бүтін» драма

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.55 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.20, 02.30 Т/х «Ұлым»
12.20, 23.50 «Сарай жауһары»
13.30 «Астана кеші көңілді»
14.30, 03.10 Т/х «Шыңғысхан»
15.30, 04.40 Т/х «Келіндер»
17.00 Т/х «100 Махаббат»
17.35 Т/х «Кішкентай келін»
18.30 Т/х «Ене»
20.00, 03.50 ASTANA TIMES
21.00 Т/х «Қара ниет»
01.15 Т/х «Сүлеймен сұлтан»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Жить здорово!»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.00 «Доброе утро, Казахстан!»
09.00 «Поле чудес»
10.15 Сериал «Немая»
14.00, 02.00 Новости
14.15, 02.15 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.15 «Басты жаңалықтар»
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 «Невский. Проверка на прочность»
00.10 «Мосгаз. Новое дело майора Черкасова»
02.30 «Паутина»
03.45 «Тамаша City»
04.30 «Той Заказ»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Дау-дамайсыз»
07.30 Т/х «Бір кем дүние»
09.40 «Юморина»
11.40 «Сумасшедшая любовь»
13.40 «Отречение»
15.30 «Королева бандитов»
03.00 «Бір кем дүние»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.30 «Дәрігер кеңесі» / тікелей эфир/
14.30 Новости
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.20 Экономика жаңалықтары
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.00 «Иман нұры»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Экономика жаңалықтары
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Дәрігер кеңесі»
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00, 03.40 Әзіл студио
07.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30 М/с «Три кота»
09.00, 14.30 «Маша и медведь»
10.30 31 әзіл
11.00, 01.40 Сериал «Ханшайым»
12.00 Сериал «Тайная любовь»
13.30 М/с «Тимон и Пумба»
14.45 Худ/ф «Честный вор»
16.500 Т/с «СеняФедя»
20.00 Информбюро
21.00 Сериал «Ұшқан Ұя»
21.55 «Добро пожаловать в Лэйквью!»
00.15 Сериал «Анупама»
02.20 Сериал «БАЗАРБАЕВТАР»
04.30 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 04.30 «Қуырдақ»
07.00 «Жайдарман»
08.00, 14.20 «Серт пен Сезім»
09.00 «Смеяться разрешается»
10.00, 19.30 «Незакрытая мишень»
12.00, 17.30 Сериал «Женский доктор»
13.00 «Q-Елі»
13.30 «Бастық боламын»
15.20 Т/х «Көзайым»
16.20, 00.10 Сериал «Гадалка»
18.30, 01.00 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
21.30 Т/х «SӘKE-2»
22.30 Т/х «Қадам»
23.10 «Зың-зың Күлпәш »
01.30 «Студия 7»
02.10 «ОЯН, QAZAQSTAN»
02.30 «Тамаша 7 км»
03.15 Т/х «Япырай»
03.45 «Айна-online»

Открыто наследственное дело на имущество Кобегенова Айдына Алдабереновича умершего «22» февраля 2022 года. Наследникам обращаться к нотариусу Нургазиновой Г. Н., по адресу: г. Талдыкорган, улица Балпык би №39, тел: 32-92-96.

Сейсенбі - Вторник, 12 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 02.55 Әнұран
06.05 «Ұлы дала ұлағаты»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 21.30 Т/х «Ауыл мұғалімі»
13.10 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «Ғарышты бағындырған тарлан»
16.10 Т/х «Қаныш. Қазына»
17.15 «Қызық екен»
20.35 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 Бағдарлама «1001 Түн»
00.35 «Көңіл толқыны»
00.50 «Бавария»- «Вильярреал»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00, 16.00 Discovery: Сквозь червоточину с М. Фрименом
07.00 «Таңғы хабар»
10.00, 18.00 Мегахит
12.00 Т/х «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
13.00 Т/х «Бөлелер»
15.00 «Большая неделя»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Тікелей эфир «Негізінде»
20.35 «Ерекше бақылауда»
20.45 «На особом контроле»
21.00 Итоги дня
21.30 Прямой эфир «По сути»
21.35 Т/х «Бекзат»
22.30 Тұсаукесер «Түнгі хабар»
00.00 «Сырты бүтін» драма

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.20, 02.30 Т/х «Ұлым»
12.20, 23.50 «Сарай жауһары»
13.30 «Айтарым бар»
14.30, 03.10 Т/х «Шыңғысхан»
15.30, 04.40 Т/х «Келіндер»
17.00 Т/х «100-Махаббат»
17.35 Т/х «Кішкентай келін»
18.30 Т/х «Ене»
20.00, 03.50 ASTANA TIMES
21.00 Т/х «Қара ниет»
01.00 Т/х «Сүлеймен сұлтан»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Жить здорово!»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.00 «Доброе утро, Казахстан!»
09.00 «На самом деле»
10.00 «Пусть говорят»
11.10, 00.10 «Мосгаз. Новое дело майора Черкасова»
12.10 Сериал «Контакт»
14.00, 02.00 Новости
14.15, 02.15 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.15 «Басты жаңалықтар»
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 «Невский. Проверка на прочность»
00.10 «Охота на изюбря»
02.30 «Паутина»
03.45 «Тамаша City»
04.30 «Той заказ»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Бір кем дүние»
09.00 «OZAT OTBASY»
10.00 Новости
10.40 «Другие»
12.40 «Волк»
14.30 «Одиночка»
15.30 «Королева бандитов»
17.30 Т/х «Тоғжан»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «OZAT OTBASY»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Другие»
23.40 «Волк»
01.30 «Королева бандитов»
03.00 Т/х «Бір кем дүние»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
10.35 Экономика жаңалықтары
10.45 Мәдениет жаңалықтары
10.55 «Иман нұры»
11.30 «Жанашыр»
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.10 Ауа райы
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 Новости
14.50 Мәдениет жаңалықтары
14.55 Инфо-блок
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.20 Экономика жаңалықтары
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Сегодня» /прямой эфир
20.00 «Иман нұры»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Экономика жаңалықтары
21.10 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

06.00, 03.40 Әзіл студио
07.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30 М/с «Три кота»
09.00, 14.30 «Маша и медведь»
10.30 31 әзіл
11.00, 01.40 Сериал «Ханшайым»
12.00 Сериал «Тайная любовь»
13.30 М/с «Тимон и Пумба»
14.15 «Добро пожаловать в Лэйквью!»
16.50 Т/с «СеняФедя»
20.00 Информбюро
21.00 Сериал «Ұшқан ұя»
21.55 Кино. «Близнецы»
00.15 Сериал «Анупама»
02.20 Сериал «БАЗАРБАЕВТАР»
04.30 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 04.30 «Қуырдақ»
07.00 «Жайдарман»
08.00, 14.20 «Серт пен Сезім»
09.00 «Смеяться разрешается»
10.00, 19.30 «Незакрытая мишень»
12.00, 17.30 Сериал «Женский доктор»
13.00 «Q-Елі»
13.30 «Бастық боламын»
15.20 Т/х «Көзайым»
16.20, 00.10 Сериал «Гадалка»
18.30, 01.00 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
21.30 Т/х «SӘKE-2»
22.30 Т/х «Қадам»
23.10 «Зың-зың Күлпәш »
01.30 «Студия 7»
02.10 «ОЯН, QAZAQSTAN»
02.30 «Тамаша 7 км»
03.15 Т/х «Япырай»
03.45 «Айна-online»

Сәрсенбі - Среда, 13 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 02.55 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00 Т/х «Ауыл мұғалімі»
13.10, 17.15 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 Д/ф «Жер тересі»
15.35 «Ауылдастар»
16.10 Т/х «Қаныш. Қазына»
20.35 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 Бағдарлама «1001 Түн»
00.35 «Көңіл толқыны»
00.50 «Ливерпуль»- «Бенфика»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00, 16.00 Discovery: Сквозь червоточину с М. Фрименом
07.00 «Таңғы хабар»
10.00, 18.00 Мегахит
12.00 Т/х «Бәсеке-2»
13.00 Т/х «Бөлелер»
15.00 «Бүгін»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Тікелей эфир «Негізінде»
20.35 «Ерекше бақылауда»
20.45 «Біздің назарда»
21.00 Итоги дня
21.30 Прямой эфир «По сути»
21.35 Т/х «Ана жүрегі»
22.30 Тұсаукесер «Түнгі хабар»
00.00 «Сырты бүтін» драма

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.20, 02.30 Т/х «Ұлым»
12.20, 23.50 «Сарай жауһары»
13.30 «Айтарым бар»
14.30, 03.10 Т/х «Шыңғысхан»
15.30, 04.40 Т/х «Келіндер»
17.00 Т/х «100 Махаббат»
17.35 Т/х «Кішкентай келін»
18.30 Т/х «Ене»
20.00, 03.50 ASTANA TIMES
21.00 Т/х «Қара ниет»
01.00 Т/х «Сүлеймен сұлтан»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Жить здорово!»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.00 «Доброе утро, Казахстан!»
09.00 «На самом деле»
10.00 «Пусть говорят»
11.10, 00.10 «Мосгаз. Новое дело майора Черкасова»
12.10 «Контакт»
14.00, 02.00 Новости
14.15, 02.15 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.15 «Басты жаңалықтар»
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 «Невский. Проверка на прочность»
01.10 «Охота на Изюбря»
02.30 «Паутина»
03.45 «Тамаша City»
04.30 «Той Заказ»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Бір кем дүние»
09.00 «OZAT OTBASY»
10.00 Новости
10.40 «Другие»
12.40 «Волк»
14.30 «Одиночка»
15.30 «Королева бандитов»
17.30 Т/х «Тоғжан»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «OZAT OTBASY»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Другие»
23.40 «Волк»
01.30 «Королева бандитов»
03.00 Т/х «Бір кем дүние»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
10.35 Экономика жаңалықтары
10.45 Мәдениет жаңалықтары
11.00 «Сегодня»
11.30 «Иман нұры»
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.20 Экономика жаңалықтары
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир
20.00 «Иман нұры»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Экономика жаңалықтары
21.10 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
21.55 роликтер
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
07.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30 М/с «Три кота»
09.00, 14.00 «Маша и медведь»
10.30 31 әзіл
11.00, 01.30 Сериал «Ханшайым»
12.00 Сериал «Тайная любовь»
13.30 М/с «Тимон и Пумба»
14.15 Кино. «Близнецы»
16.50 «СеняФедя» (повтор)
18.30 «СеняФедя»
20.00 Информбюро
21.00 Честно говоря
21.10 Сериал «Ұшқан Ұя»
22.05 Кино. «Близнецы-2»
00.20 Сериал «Анупама»
02.10 Сериал «БАЗАРБАЕВТАР»
04.30 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 04.30 «Қуырдақ»
07.00 «Жайдарман»
08.00, 14.20 «Серт пен Сезім»
09.00 «Смеяться разрешается»
10.00 «Незакрытая мишень»
12.00, 17.30 Сериал «Женский доктор»
13.00 «Q-Елі»
13.30, 23.10 «Зың-зың Күлпәш»
15.20 Т/х «Көзайым»
16.20, 00.10 Сериал «Гадалка»
18.30, 01.00 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
19.30 «Я заберу твою семью»
21.30 Т/х «SӘKE-2»
22.30 Т/х «Қадам»
01.30 «Студия 7»
02.00 «ОЯН, QAZAQSTAN»
02.30 «Тамаша 7 км»
03.15 Т/х «Япырай»
03.45 «Айна-online»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

БІР РЕТТІК ТЕСТЕН ӨТУ АҚЫСЫ 750 ТЕҢГЕ

тиісті қаражатты шығаруға мектептің мүмкіндігі бар ма?

«БІЗГЕ ББЖМ /МОДО СЫНАҚ НҰСҚАСЫНАН КОМПЬЮТЕР-ДЕ БІР РЕТТІК ТЕСТЕН ӨТУ ҰСЫНЫЛДЫ. ОНЫҢ ҚҰНЫ 750 ТЕҢГЕ. МЕКТЕПТЕГІ 9 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БӘРІ ТҮГЕЛДЕЙ ЖИНАП ӨТКІЗДІ. АЛ, БҰҒАН СІЗДЕР ҚАЛАЙ ҚАРАЙСЫЗДАР? БҰЛ ҰСЫНЫСПЕН КЕЛІССЕҢІЗДЕР, БАЛАЛАРЫҢЫЗДАН ОСЫ СОМАНЫ БЕРІП ЖІБЕР-СЕҢІЗДЕР. КЕЛІСПЕЙМІН ДЕСЕҢІЗДЕР ОНЫ ДА АЙТЫҢЫЗДАР?» ДЕП АТА-АНАЛАР ЧАТЫНА БІЗДІҢ АПАЙ ЖАЗЫПТЫ.



– Балам бастауышты бітіреді деп едің, сендерге де айтты ма?

Автобуста отырып екеуара әңгімелескен келіншектер әңгімесі тыныш отырған менің де көңілімді бұзды.

– Бұған еш ата-ана үн қатпады – деп жалғады сөзін әлгі келіншек. – Ешқайсысы келісетінін, не келіспейтінін айтып жазбады. Бірақ, барлық ата-ана баласынан айтқан ақшаны беріп жіберіпті. Біздікі ертең апаратын болды. Өзгелерден бөлініп қала алмайсың ғой, балаң үшін өткізесің. Апайымыз жазғанда «мұны не үшін береміз» дегендер болмағанымен, ата-аналар чатында өзара талқылағандар болды. Алайда, бәрі балалары үшін өткізді.

– Ондайды естімедім. Енді, өткізіңдер десе, балаң үшін өткізесің де – деді екінші келіншек әлгінің сөзін қостап.

МЕН де ата-анамын. Бірақ, «балаң үшін өткізесің ғой» деп бере салу, беріп алып, артынан оны әңгіме етудің маңызы бар ма? Әрі чаттағы жазбада мұғалім «келіспеймін десеңіздер айтыңыздар» деп отыр. Бірақ, мұғалім сөзіне ешкім үн қатпай, сұраған ақшаны баласынан берді. Бұдан кейін оны талқылаудың қажеті бар ма еді?! Шыны сол, осындай «балаң үшін бересің ғой» дейтіндердің салдарынан мектепте ақша жинау мәселесі әлі де сейілмей келеді. Аракідік бұл туралы айтылып, жазылып жатқанымен жараның беті жазылар емес.

Автобустағы екеудің әңгімесін санадан сызып тастай алмадым. Осы орайда ББЖМ/МОДО туралы, «750 теңге» жайындағы мәселеге де үңілуді жөн көрдім.

Рас, соңғы жылдарда білім саласында түрлі өзгерістер енгізілуде. Соның бірі ретінде жыл сайын сәуір айында компьютер арқылы электронды форматта өткізілетін ББЖМ тестілеуі. Ал мұны өткізудегі мақсат – білім алушылардың оқу жетістіктерінің ілгерілеуін ұлттық деңгейде өлшеу арқылы орта білім беруді жүйелі жетілдіру болып табылады.

Бұған дейін бастауыш, негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың базалық білімін тексеруге бағытталған бағалаудың жаңа моделі 2021-2022 оқу жылынан білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингімен (бұдан әрі – ББЖМ) ауыстырылды. Бұл дегеніңіз, ББЖМ өткізу тәртібі ҚР БҒМ 2021 жылғы 5 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидаларымен реттеледі. ББЖМ мемлекеттік бақылау түрі болып саналмайды, білім алушы үшін де, білім беру ұйымы үшін де ешқандай құқықтық салдары болмайды.

ТАЛДЫҚОРҒАН қалалық білім бөлімінен алынған жадынамаға сүйенсек, ББЖМ өтетін білім беру ұйымдарын таңдау бағдарламаға тізімді енгізу нәтижесінде кездейсоқ іріктеу арқылы жүзеге асады. Ал биыл бұл тестілеуге қала бойынша 8 мектеп кіріктіріліпті. Атап айтсақ, №4 ОМ, №8 ОМ, №11 ОМ, №13 ОМ, №14 ОМГ, №16 ОМГ, №22 ОМ, №25 ОМ және №26 орта мектеп.

Қалалық білім бөлімінің қызметкері Әсел Алпысбайқызының айтуынша, кіріктірілген мектептерді таңдау олардың құзырына кірмейді. Білім беру ұйымдарында ББЖМ өткізу қағидаларының сақталуын бақылауды ҚР БҒМ уәкілеті жүзеге асырады. Тестілеуді тапсыру күні нақты білгіленбегенімен, кіріккен мектептер қазірден бастап дайындық жұмыстарын бастап кеткен. Ал оған дайындықтың қалай жүзеге асатынына мектептің басшылары жауапты.

Біз тілге тиек еткен бір реттік (пробный) тестілеу қаладағы «Ustudy» орталығымен келісімге отырып, жүзеге асырылатынын да айта кетейік. Ал, бөлінетін қаражат мәселесін әр мектеп өзінше ұйымдастыруы тиіс. Дей тұрғанмен бұған тиісті қаражатты мектептің бухгалтериясынан шығаруға мүмкіндік бар.

ОСЫ орайда біз ББЖМ тестілеуіне кіретін мектептердегі бірнеше бастауыш сынып мұғалімімен тілдескен едік. Олар да бір реттік тестілеуге жұмсалатын қаражат мектептің бухгалтериясынан қарастырылатынын айтты. Ал, 750 теңге жинауға ұсыныс білдірген білім ошағының бухгалтериясында тиісті қаражатты шығаруға мүмкіндік болмағаны ма, қалай?

Жалпы 4-сыныптарда кешенді тестілеу үш бағыт бойынша (*оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы*) жүзеге асырылады. Бастауыш сынып мұғалімдері сөзінше, ББЖМ-ның өткізілуі мектеп оқушыларының 4 сыныптарына тиімді. Себебі: логикалық тапсырмалар орындау барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттері дамиды, қызығушылығы, ойлау және қабылдау қабілеттері, шығармашылық ізденістері артады. Демек, оқушыларда ойлаудың қарапайым түрлері орын алады. Математика пәнінің алатын орны да ерекше, өйткені әр тапсырмасы ой белсенділігін қажет етеді. Жаратылыстану, дүниетану сауаттылығы бойынша пәнге қызығушылықтары артып, ой-өрісі дамиды.

ҚАЛАЙ ДЕГЕНМЕН оқушыларды бір реттік тестілеуге қатыстыруда ата-аналардан ақша жинауға келісімдерін алу мәселесі жайында мектеп басшысы хабарсыз дей алмаймыз. Білім бөлімінің қызметкерімен телефон арқылы тілдесуде айтқандай, бұған тиісті қаражатты мектеп бухгалтериясынан шығаруға мүмкіндік бар. Сонда, әр баладан жиналған әлгі 750 теңге кімнің қалтасына түседі?

Бұл туралы сіз не дейсіз, көзі қарақты оқырман?!

С. ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ.

МАМАН МІНБЕРІ

МЕДИАЦИЯДА ЖЕҢІЛГЕН ТАРАП БОЛМАЙДЫ

Татуласудың заңды тәртібі еліміздегі Қылмыстық – процессуалдық, Азаматтық-процестік және Әкімшілік істерде медиацияның қолданылуы жыл өткен сайын артып, татуласқандар қатары өсіп келеді. Сонымен қатар, медиацияға қатысты насихат жұмыстарының кеңеюі қылмыстық істердің де бітімгершілікпен шешілуіне әсерін тигізуде.

Бүгінде Қылмыстық істерде медиация кеңінен қолданылуда. Мұндай үрдіс сот отырысына қатысушылыр арасындағы жылы қарым-қатынасты сақтап қоймай, соттағы тергеу органдарындағы істердің айтарлықтай қысқаруына, соның нәтижесінде жүктеменің әсерін тигізіп отыр.

Тараптардың татуласуы қылмыстық істің қысқаруына алып келеді. Қылмыстық кодекстің 68-бабына сәйкес, қылмыстық теріс қылық жасаған немесе адам өліміне соқтырмайтын жеңіл және ауырлығы орташа қылмыс жасағандар жәбірленушінің кешірімін алып, келтірген залалдың орнын толтырған жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Бұл ретте кәмелеттік жасқа толмағандар, аяғы ауыр әйелдер мен көп балалы аналар, бала тәрбиесін жалғыз өзі арқалап жүрген азаматтар, зейнет жасындағы адамдар өліміне соқтырмаған немесе адам денсаулығына ауыр залал келтірмейтін қылмысты алғаш рет жасаған жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босатылады. Ол үшін жоғарыдағы тұлғалар жәбірленушінің кешірімін алып, келтірген залалды өтеп беруі шарт. Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауаптылықтан босатқан кезде мәжбүрлі тәрбиелеу шаралары қолданылатынын ұмытпауымыз керек. Өйткені, жас балалар жеңілдікті қате түсініп, қайта қылмыс жасауы әбден мүмкін. Сондықтан оларға қылмыстың зиянын, ала жіпті аттаудың салдарынан жан-жақты түсіндіріп, тәрбие жұмыстарын жүргізуі маңызды.

Екі тарапты бітімге келтіріп, медиациялық келісімге жасауда адвокаттардың атқарар рөлі зор. Себебі азаматтар ең алдымен өзінің адвокатына сенеді, соның сөзін тыңдайды. Соған орай адвокаттардың мәселені созбалаңға салып, істі тек сот арқылы шешуге қызықпағаны дұрыс. Бұл мәселеге біз сот тараптарынан ұйымдастырылатын дөңгелек үстел, түрлі жиындарда адвокаттардың назарын аударуға тырысамыз. Адвокаттар өз қорғауындағы адамға мейлінше тиімді, оңтайлы жолды таңдағаны дұрыс. Қылмыстық істерде әсіресе ісің бітіммен бітуі екі тарапқада ыңғайлы. Қалай айтсақ та, қылмыстық істің артында үлкен зардап, психологиялық шиеленіс жатыр. Әр сот процесі өткен сайын жәбірленуші де, айыпты да қылмыс деректерін есіне түсіріп, күйзелісті басынан кешіреді. Ал соттың үкім шығаруы мен жәбірленушіге келтірілген залалдың орны толмайды. Материалдық залал өтелгенмен, моральдық күйзеліс көңілде қалады. Іс соңына дейін сотта қаралған жағдайда айыптыға белгілі бір жаза тағайындалатыны белгілі. Қылмыстық жаза бостандықты шектеуден тұрмайды. Бостандығынан айырылып, түзеу мекемесінде жазасын өтеу азаматтардың өмірін айтарлықтай өзгертеді. Бостандыққа шыққандарды қолдауға белгілі бір кәсіпті игеріп, жұмыс табуына мемлекет тарапынан қанашама жағдай жасалып жатқанымен, сотталған азаматтармен байланыс жасаудан көп адамдардың бас тартатынын көріп, байқап жүрміз. Сондықтан, мұндай түйткілдердің алдын алу үшін де қылмыстық істерді медиациялық келісім жасауға барынша тырысу керек. Әрі екі тараптың бітімге келуіне, қылмыстық істің қысқаруына заңда жол ашып отыр. Тек қателікке орын беріп, қылмыстық жауаптылыққа тартылған адам өзінің ағаттығын сезініп, жәбірленушінің алдынан өтіп залалды өз еркімен өтесе болғаны.

Жалпы, еліміздің заңдарының мақсаты жазалау емес, қылмыстың алдын алуға, айыптыны тәрбиелеуге бағытталған. Тек соны азаматтар түсінсе, біреуге қиянат жасаудың зардабы ауыр екенін ескергені дұрыс.

Ардақ БАЙМҰҚАШЕВА,
Көксу аудандық сотының кеңсе меңгерушісі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Әңгіме

ЖАЗА

Алып шаһар аспан суына армансыз жуынып жатыр. Даланың шаңын қалаға алып кірген көлігімізді кіре берістен-ақ шайындырып алды. Ауылдан шыққалы алқынбай шапқан арғымақ жыпырлаған кептеліс басталғалы тасырқағандай кібіртіктеп қалды.

– Алматыға алғаш келгенің есіңде ме?

– Ес білгелі келіп-кетіп жүрміз ғой.

– Иә, сары жигулимен сайран салдың ғой. Небір сурет көрсетіп мақтанушы едің.

– Солай ма еді?

– Солай! Сенің әке-шешеңе ризамын. Балаларынан ештемені аямады.

– Барлық әке-шеше сондай емес пе?

– Қателесесің! Баласы тұрмақ өз қара басын алып жүре алмайтындар бар. Ал, сендердің ішкендерің алдарыңда, ішпегендерің арттарыңда тұрды ғой... Жұрт тоқпақтап жатып толқынын әзер табатын ескі теледидармен алысып жүргенде сендер пультпен басқарылатын LG көріп, шалқайып жаттыңдар ма? Жаттыңдар.Видеомагнитофонды елден бұрын алдыңдар ма? Алдыңдар. Айтпақшы, боевик кинолы бірінші рет сендердікінен көргенмін.

– Ой, видик көрсетіп, талай ақша таптық қой.

– Кино көру үшін саған жалпаштанатынбыз. Сен де бір кердең едің ғой, тебеген аттай жаныңа адам жуытпайтын. Киноға шақырып алып жұмысқа салып қоятынсың. Вандамның «Қанды спорты» болар кезде екі қораның тезегін ойып, «Терминаторды» көруге келгенде бір телешкі шөп түсіргенім есімде.

– Ұмытпайды екенсің.

– Бәрі... Бәрі есімде. Алғаш қалаға келгенде жаңбыр тура осылай төпелеп тұрған. Ол да есімде.

– Қашан еді?

– 99 дың қыркүйегі. Сендер екінші курсқа көшкенсіңдер.

– Оған дейін Алматыға келіп көрмеп пе едің, не?

– Оның өзінде қашып келдім ғой, ешкімге айтпай.

* * *

Жайлаудан алдыртқан қасқа саулықты кеше сойып, етін бір жел қақтырып қапқа салғанбыз. Бағлан өңгерген бөрідей сол етті бөктеріп алдыма түсті. Ауылдан үнемі тыңқиып қайтатын ала дорбаны мықшыңдай көтеріп соңынан ілестім. Бала-шаға шұрқырай қарсы алды. Қатын қазан көтерді.

– Карта ойнаған шошқаның қарнын аршығанмен тең!

–Ескі әдет. Қонағымның күнәсін өзім көтерем, тарат!

– Бала күнінде аурушаң едің, қазіргі денсаулығың қалай?

– Шүкір!

– Біз сол тоқсаныншы жылдары елге келген шетелдік көліктер секілді ілініп-салынып жүрміз.

– Оларды біздің ойқы-шойқы жолдарымыз құртты ғой.

– Біздің жүрген жол тақтайдай тегіс болды деп кім айтты?..

– Оның да рас!

– Көп балалы әке болыпсың...

– Тәуба!

– Әй, сарыбас, әкел насыбайдан. Тух, шіркін! Күштісін-ай! Танауымды қуырып жіберді ғой, тегі. Нағыз батыр!

– Өзің не бітірдің?

– Мен бе? Е, мен де мына бір дама қарғаға қор болған байқұс валет көзірмін ғой...

– Көтердің бе?

– Иә, жеңілетін тәріздімін.

– Жеңілме! Сен мықтысың.

– Мықтылардың осал тұсы қатын. Талай мықтының түбіне қатын жеткен. Бұ жолы да мына дама қарғаң менің көрімді қазып қойды-ау!

* * *

Кештеу жаттық. Көз іліне қоймады. Кешегі өткен сабақтастардың жиырма жылдық кездесуінен бастап әр нәрсені сөз еттік.

– Алдым жарық, алдыңғы күні түс көрдім. Бақшамдағы гүлдерді әлдекімдер таптап жүр екен. Жетіп барып жағаласа кетіп едім дойыр қол кеудеме тиді. Көкірегім қаздай шулады. Бір сәтте гүл деп тұрғаным ақшаға айналып кетті. Жайқалып өсіп тұрған гүлдерді әлгілер таптаса болды әп-сәтте қызыл, сары, көк қағаздар көктеп шығады. Атып тұрып жаңа ғана кеудеме тиген дойыр қолға жармастым. Жетелеп жүріп бақшамның оң қапталындағы раушан гүлдерін таптаттым, онан кейін сол қапталдағы сары гүлдерге алып бардым. Олар таптап-таптап өз жөндеріне кете барды. «Ертең тағы келіңдер, гүл дайындап қоямын. Әдемі гүлдер дайындап қоямын», – дедім ақшаны құшыға жинап жатып. Олар естімеген секілді. Тура салып айқайладым. Осы кезде шошып ояныппын.

– Ол сенің түсің емес қой, бауырым!

– Иә! Өңім! Бәрін біліп тұрсың.

* * *

Көрпені бауырына қысып алып теріс қарап жатыр екен. Денесі жалаңаш. Арқасына қыран қондырыпты. Онысы әлденеге шүйіліп келеді. Екі қанаты екі иықты жауып тұр. Қозғалған сайын қанаттар бір жиырылып, бір жазылады. Құдды құлдилап келіп түлкіге түскелі тұрғандай...

– Деңбекшіп шықтың ғой.

– Ұйықтай алмадым. Қыз-жігіттердің қылығы еске түсіп... Түк өзгермепті. Түрәлпетін айтпаймын, мінездері сол қалпы.

– Қайдам?! Қаңғалақ ашылыпты. Бұрын ешкім адам санатына қоспаушы еді, кеше суырылып шығып, сөз сөйледі. Шидей еді, толысып, әппақ сазандай жігіт болыпты.

– Е, ақша адамға сенімділік береді ғой. Байқадың ба, бұрын мектепте мықты жүрген жігіттер басылып қалған да, керісінше әркімді сағалап күн көргендер өскен. Неге?

– Өйткені мықтыларда өзгеге илікпес мінез бар. Сол мінезбен ешкімге жақпайды. Ал аналар бала күннен әркімге жалпақтап, кісінің тілін табуға дағдыланған. Қазір солардың заманы.

– Тап бастың-ей! Дәл диагноз!

– Нұрлан мен Мұрат қайда? Неге келмеген?

– Келмейді олар. Келтірмесі келтірмейді.

* * *

Жаңбыр түнімен жауыпты. Алып шаһар судан шыққан сұлудай күнге бой қыздырып жатыр. Ағаштар да таңғы самалға басын дегдітіп, абыр-сабыр.

– О-о-о, Сайран! Қайран, Сайран!

– Батып кете жаздағаның есіңе түсті ме?

– Со кезде бекер-ақ құтқарғансың

– Керек болған соң құтқардық қой

– Кейіннен керек қылмадыңдар, ә?..

– Кім, кімді керек қылмады?

– Артымнан бір іздеп келмедің.

– Сенің ол жаққа барып-келгеніңді кеше естідім.

– Әй, қойшы. Ешкімге өкпе артарретім жоқ, бәрі өзімнен. Қу құлқынның қамы ғой. Алматыға алғаш келгенімде осы көлдің жағасында үш күн жүргенім бар. Сол есіме түсіп тұрғаны.

– Үш күн?

– Иә! Үш күн автовокзалда түнедім.

– Неге хабарласпайсың?

– Күндіз ауылдың таксистерінің қасына барып, аны-пұны шаруасына көмектесіп уақыт өткіземін, түнде вокзалдың күту залындағы орындықтарға қисая кетем. Қалтадағы ақша таусылып, қарын шұрқырап көл жағасында отырсам ілмиген біреу шөлмек теріп жүр екен. Тұра салып мен де кірістім. Екеуміз кешке дейін бес қапшықты толтырдық. Весновка жақтағы шөлмек қабылдайтын жерге таксимен алып барып, өткіздік. Самсаға тыңқиып тұрып тойғаным-ай сонда бір. Ертеңіне тағы келіп жинадық. Бір ай бойы осы Сайранның жағасын жайладым ғой. Әй, сол кезде осы бір үйлерге қызығып қараушы едім. Мынадай үйлерде тұратын адамдар неткен бақытты деп ойлайтынмын. Есіктен маңғазданып шығып келе жатқан май бөксе қатындар мен болбыр қарын еркектерге қызыға қарайтынмын, кейде ызам келіп кіжінетінмін.

– Не үшін?

– Білмеймін. Енді міне, сол үйдің балконында шалықтап тұрмын.

– Өмір...

– Иә, өмір! Тап қазір мен секілді біреу Алматыға алғаш кіріп келе жатқан шығар алақ-жұлақ етіп. Бір бозбала көл бойынан шөлмек теріп жүрген болар. Енді бірі түрмеге түсіп, біреулер моншада қызқыркынмен қылжақтап, масайрап отыр. Ал, әлдекімнің талқаны таусылып жатыр.

– Мүмкін, бәрі де мүмкін!

– Бәс тігемін дәп солай! Адамдар ана бір кептелісте тұрған көліктер секілдіміз. Бірі жылжыса екіншісі оның орнын басуға таласады. Бір боқтампаз шал өлсе, артынша бақырауық нәресте өмірге келеді. Сондықтан менің де ізбасарларымның болуы заңды. Әттең оларды көрмеймін ғой.

– Көрсең не істейтін едің?

– Жөн сілтер ем, адаспас үшін...

* * *

Таң атқалы үйдің ішін ары-бері көшірген төртеу далаға шығыпты. Ойын алаңындағы әткеншектердің жалына жапатармағай жармасып жатыр. Дастарханға отырдық. Құран оқыды.

– Сақалы бар, мұрты жоқ діншіл болыпсың.

– Күнәм көп.

– Тамақтан ал!

– Жылытпа шіркін керемет қой, екі рет піседі.

– Шөлмек бизнесіне солай кірген екенсің-ау!

– Е, не, білмеуші ме ең?

– Мен көргенде шолақ бастық болатынсың. Қарамағыңда бес адам шөлмек жуады. Сен келгенің қабылдап, жуылғанын қапқа салып, бұйрабас қатынның жанын тындырып жүретінсің. Біз өңшең студент сені жағалайтынбыз, ара-тұра шөлмек жуып тиын-тебен де таптық.

– Ол мұнда ғой. Оған дейін мен де шөлмек жудым. Шамамен жарты жылдай. Бойыма шыр байланған соң ғана сендерді іздеп таптым.

– Шөлмектің ақшасына талай отырыс өткіздік қой.

– Сендерді сыраға бөктіріп отырғанда рахаттанатынмын. Бірбір пәпкілеріңді құшақтап, күлкиған мойындарыңа қылтиған галстук байлап келіп тұрғандарың мен үшін мәртебе еді. «Менің интеллигент достарым бар», – дегендей айналама қораздана қарайтынмын. Сендер бірер апта келмей қалсаңдар көңілім кәдімгідей қоңылтақсып қалушы еді.

– Қалтасы тесік бес студентті асырадың ғой. Саған қарыздармыз.

– Әй, қойшы соны. Нағыз азапты жұмыс. Қыстың қақаған аязында қолыңды суға малу оңай деймісің. Су ыстық, дала суық. Со жерде істегеннің бәрі бүгінде ауру. Алды ана жаққа кетіп қалды. Мен ғана ерте қозғалып, құтылдым.

– Бекер-ақ кеттің сол жерден.

– Құтылдым, сосын тұтылдым. Оның да рас!

* * *

Жаздың шақырайған күні таңғы салқынды демде жұтып қойған. Түні бойы жаңбыр жаумағандай алып шаһар қайтадан алқына дем алады. Қапырық.

– Кондиционер қосайын ба?

– Қоссаң қос. Кәрістер қалай екен?

– Жаман емес. Неміс пен жапоннан қалыспаймыз деп борбайлап келеді ғой.

– Қай жылғы?

– 2012

– Жағдайың жаман емес. Нағыз қаланың тұлпары. Білесің бе, мектепте жүргенде өмірі көлігім болмайтын шығар деп ойлайтынмын. Сендер ғой, 8-9 класстан бастап әкелеріңнің шохаларын зырылдатып жүрдіңдер. Іштей сендерге қызығатынмын, жүрмесе де осы үйдің алдында бір көлік тұрса шіркін деп армандайтынмын.

– Әлгі бір тракторға айырбастап алған комби қайда кетті?

– Жүрмеді ғой со құйі. Әкем байқұс совхоз тараған соң сары тракторын сары майдай сақтап еді. Сегізге бөліп, моторын маяның астына, қос дөңгелегін Келгенбайдың сарайына, телешкісін тағы бір жерге тығып, әрең дегенде бартер деген бәледен аман алып қалған. Тек кузовы ғана үйде қалқиып тұрды. Бригадир Бекен екі-үш рет келіп дікеңдегенмен түк өндіре алмады. Ақыры сынды, бұзылды, құрыды деп тізімнен сызылды. Сонан кейін құрастырып, жүргіздік қой, онда да кузовын көкке бояп тастадық. Біраз жыл елдің жерін жыртып, отын-суын тасып ақша таптық. Қай түлен түрткенін білмеймін 78-ші жылғы ағам: «Орынбайдың комбиына айырбастайық», – деп шықты. Қояр да қоймай дегеніне жетті. Бірақ ол құрғырың келген күні-ақ бұзылған. Содан жүрмеді. Ең соңында металломға кетті. Бір мініп сендермен жарыса да алмадым.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Әңгіме

– Ештеңе жоқ, есесіне немісті де, жапонды да, французды да ерттеп міндің ғой...

– Е, несін айтасың...

– Айтпақшы біздің ауылда мерседесті ең бірінші мінген мықты сенсің ғой. «Мұқаш, мерс 600 мініп келіпті» дегенді естігенде шалқамыздан түскенбіз. Клубтың алдында музыкасын бақыртып қойып, тұрған тұрысың әлі көз алдымда. Көзде қап-қара көзілдірік, аяқта әппақ красовки... Дискотекадағы бүкіл қыз бізді ұмытып сен жаққа жалтақтаумен болған.

– Иә, ол да бір дәурен екен ғой...

* * *

Көктөбеден алып Алматы алақандағыдай көрінеді. Ептеп самал соғып тұр. Етектегі қапырық сол желден қаймыққандай маңайлампаты. Басын Алатауға сүйеп, аяғын Қапшағайға қарай көсілген қаланың қақ төбесіне қонған күн жарықтық асығар емес. Аяндап бара жатып айналасындағыларды қағытып кетер қу тілді шалдар құсап әйнектен салынған ғимараттың шынылармен шағылысып ойнайды.

– Өзгеріп барады.

– Биік үйлер көбейді. Сенің «Қазақстаның» тапал болып қалды қазір.

– Е,«Қазақстан»! Сыртың бүтін, ішің түтін...

– Қалай болды, осының бәрі?

–Тамақ сататын әлгі бір жесір әйелді танисың ғой.

– Иә, мұнтаздай кісі еді ғой. Пісірген тағамдарын айтсаңшы...

– Бір күні жұмыстан қайтып бара жатсам жылап отыр. Қарақалпақстаннан көшіп келген біреулер бар еді, біз секіл-ді шөлмек қабылдайтын. Солар қарыз-ға тамақ ішіп-ішіп, ақшасын төлемей қойыпты. Шәнтік қошқардай талтаңдаған жүрістері ұнамаушы еді, екеуін қатар тұрғызып қойып езуін тілдім. Сол күннен бастап әлгі жесір маған арқа сүйейтін болды. «Тамақты тегін іш» дейді, әке-көкелеп асты-үстіме түседі. Өзінен аумайтын сіңлісі бар екен, сонымен таныстырды.

– Оны бізге көрсеткен жоқсың ғой.

– Бізден төрт жас үлкен еді. Босаға көрген. Сендерден ұялдым.

– Содан?

– Содан не болсын, ол да әпкесі секілді тамақ пісіріп сатады екен. Әпкесі біздің орталықты жайласа ол «Қазақстанды» маңайлайды.

– Қалай сонда? Даңғарадай қонақ үйдің өз асханасы жоқ па?

– Бар ғой, бұл сырттағыларға сатады да енді... Әлгілерге... Таңға жұмыс істейді ғой олар.

– Е, солай де...

– Соның тамағын тасып жүріп... Әлгілермен...

* * *

Көк төбенің басында адам көп. Топтобымен келіп үлкен дүрбімен қала көрінісін тамашалап жатыр. Дүрбі босаған сәтті пайдаланып біз де бардық. Мал қараған жоқшыдай қаланың ана басынан, мына басына дейін шолып шықты. «Қазақстан» қонақ үйіне ұзақ телмірді.

– Бұрынғы өрісіңді бір айналып шығамыз ба? Катя жүрген шығар.

– Күлесің, ә?!

– Олар қайда, қазір?

– Итім біліп пе?

– Қазір мұнда ол тірлік тиылған секілді.

– Талай жыл өтті ғой. Тым-тырақай қашқан жоқпыз ба?!

– Е, достым-ай!

– Самал, әлгі жесір әйелдің сіңлісін айтам... Байқұс аяғыма оратылып жылады ғой, «кетпеші, өкініп қаласың», – деп шырылдады. Бірақ маған ақша керек болды. Ауылдың жағдайын білесің. Шөлмек жуып, итшілеп жүруден де шаршадым. Оның үстіне әлгі бір мерседеске бір отырған соң түскің келмей қалады екен.



– Сол кезде біздің де іргеңді аулақ салдың.

– Басында сендерден аздап ұялыңқырап, қашып жүрдім шыны керек. Бірақ ақшаның буы деген сұмдық болады екен. Ұятың өліп қалды. Кәдімгідей ұят өліп қалады екен адамда. Біреулердің итеңдеп жүріп жылына әзер табатын ақшасын бір түнде түсіресің, не ішем, не кием демейсің. Ақшамен бәрін шешесің, беретін жерге бересің, алатын жерден аласың. Болдым, толдым деп ойладым, құдай ақы.

– Күніге қанша табушы едіңдер?

– Кемі 1000 доллар. Сенбі, жексенбі күндері үш-төрт мыңға дейін шығып кетеді.

– Соның бәрі сендердің қалтаға түсті ме?

– Өздеріне процентін береміз. Менттерге, бандиттерге асатасың.

– Онсыз болмайды.

– Әрине!

* * *

Тау беткейіне көлденең салынған қаптал жолмен аяндап келеміз. Көркем қаріппен «Көктөбе» деп жазып қойыпты. Сол жазуға сүйеніп суретке түскен ақсары шашты екі бойжеткен алдымыздан кескестей өтті. Көз қиығымен ұзатып салды.

– Мынау солар.

– Қойшы, қайдағыны айтпай.

– Мен оларды көзінен танимын, сөйлеген сөзінен танимын. Киген киім, сепкен иіс су, жаққан бояуларынан білемін.

– Әрбір жерге суретке түскеніне қарағанда алматылық емес-ау!

– Украин сылқымдары. Арнайы тапсырыспен келген. Алматыда үлкен бір жиын өтіп жатыр ма еді?

– Білмедім. Көшеде полиция қаптап жүр ғой, әйтеуір!

– Сондай бірдеме... Мыналардың жүрісі тегін емес. Қысқы Азия ойын-дары кезінде біз де оншақтысын алдыртқанбыз. Құны удай қымбат бә-лекеттердің, бізге де аз қалмады.

– Негізінен сендер өзбектермен жұмыс істедіңдер ғой.

– Иә! Қырғыздар да болды біренсаран. Өзбек болғанда да таза өзбек емес, орыспен шатысқандары көп. Жылына екі рет барып әкеліп тұрдым ғой.

– Немен әкелесіңдер?

– Автобуспен.

– Ол жақта адамдарың бар ма?

– Бар. Дайындап тұрады. Алматы мен Ташкеннің арасын тоздырған саудагерлер автобусы көп. Соларға тиейміз.

– Содан?

– Жұмысқа саламыз. Шаршағандарын шетінен саптан шығарып, басқаларға сатып жібереміз. Орнына «жылы жаңа», «видухасы» жақсыларын қоямыз. Алматыдағы ең үлкен «базар» бізде болды ғой. Бірнеше «точкада» жұмыс істедік.

– Нұрлан мен Мұрат қалай кіріп жүр?

– Ол екеуін басында такси ретінде шақырғанмын. Ары-бері тасып қана жүрді. Кейіннен бір-бір «товардан» беріп қойғанмын. Соны сатып, өздеріне ақша «жасады». «Точкалар» көбейген соң екеуін екі жерге «смотрящий» қылғанбыз.

– Шөлдеген шығарсың, шәй ішейік.

* * *

Дәмхананың іші салқын екен. Адам да аздау. Бағана біз сөз еткен екі бойжеткен сыраны түтікшемен сорып отыр. Бұл жолы олар біздің асты-үстімізді тінте қарады. Бір-бір кәуап пен шие шырыны, қызыл шәйға тапсырыс бердік.

– Мынауың өзеннің суы ғой. Тағы екі қалташа шәй сұратшы.

– Құрымдай болып кетіп, жүрегіңді қақпасын.

– Үйренгенбіз. Ана жақта суық қой. Қозғалыс та аз. Қан айналмаған соң қоюланып кетеді. Ал «шипр» ішсең қаның қызып, бойың жылып қалады. Әрине жүректі отырғызады. Ептеп-ептеп доғару керек.

– Олар қайда жүр?

– Кім?

– Нұрлан мен Мұрат?

– Қайта-қайта сұрап қоймадың ғой. Нұрланды білесің ғой өзі сатып жүрген «товарды» алған.

– Қалай сонда?

– Үш баласы бар. Есік жақтан үй салған. Былтыр ауылдағы Наурыз тойында біреулер: «балаларың өзіне ұқсамайды екен, үшеуі үш түрлі, бір әкеден бе?», – деп қалжыңдапты. Соны көтере алмай төбелес шығарған. Қазір ешкіммен араласпайды. «Товарын» күзетіп күнін өткізеді.

– Мұрат?

– Ол біз секілді «торгачтың» қызына үйленген. «Шмон» болғанда қайынжұртымен бірге «побегке» кеткен. Содан көрген ешкім жоқ.

–Тірі ме?

–Тірі. Астрахан жақта деседі. Ол жақта да осындағы тірлігін жасап жүрген көрінеді.

– Шешесі?

– Ауылда. Мұратты уайымдаймын деп-ақ қартайды.

– Өзі бір үйдің жалғызы. Жақсы отбасынан шыққан жігіт еді.

– Енді мен оларды зорлап кіргізген жоқпын ғой.

* * *

Етек пен өрді байланыстырып тұрған аспалы жол тыным табар емес. Өрмелеп шығып, сырғанап түсіп жатқан жұрт. Біріне мініп құлдиладық.

– Катя кім болған бұрын?

– Өй, ол да осылардың арасынан шыққан ғой. Кейіннен өзі топ құрып, тірлік қылды. Комитетте жақсы танысы бар еді, сол арқылы бүкіл шаруаны шешіп отырдық қой. Шатырың болмаса қиын. Әлгі дәкей бекер обалы не, төбемізге тамшы тигізбеді.

– Енді қалай ұсталып жүрсің?

– Катяның заказы. Мені жеке-дара жібергісі келмеді. Ант-су ішіп жатып, әрең иліктірдім. Сол дәкей арқылы қайта сұрып алды. Тура бір жыл жаттым.

– Екеуің бірге тұрады деуші еді.

– Айтсам сенбейсің, шығып келген соң оған үйленбекші болдым. Өзің ойлашы, түр дейтін түрі жоқ, жасы елуге келген қатынға...

– Неге?

– Білмеймін. Бір күн көрмесем тұра алмайтын болып қалдым. Ауылдағылар Сәрсектің қызына құда түсіп қойдық, соны ал дейді. Ал, менің есіл-дертім – Катяда. Түнде үйге қамап қояды. Терезеден секіріп түсіп, қашып кетем.

– Содан?

– Содан не болсын, бір күні бүкіл туған-туыс жиналып алып ортаға алды. Көнбедім. Өлем деп пышаққа ұмтылдым. Олар да осыны күтіп тұр екен алып ұрып, қол-аяғымды байлады да Қаскелең жақтағы бір молдаға алып барды. «Баланың ішіне жын кірген» деп ол үш күн оқыды. Оқып-оқып, күретамырдан қысып қылғындырады. Жының шықты деп жіберген, қайдан, бәрібір тоқтамадым. Қол-аяғымды байлап тағы бір тәуіп кемпірге алып барды. Сол тұрасын айтты.

– Не айтты?

– Дуаланған. Алтын тісті, қара әйел дуалатқан. Дуаның бетін соның өзі ғана қайыра алады, барып кешірім сұра,– деді.

– Оның кім?

– Катя қаншық та, басқа кім болушы еді. Әкем мен шешем байқұс жылап еңіреп ол салдақының алдына да барды ғой. Сөйтсе мойындапты. Шалқып жүрген жылдары Шаңырақтан жер алып, екі қабатты үй салғанмын. Тастақтан тұрмыстық құрал-сайман сататын дүкен ашқанмын. Сол екеуін берсеңдер, жіберем депті.

– Өйдейт, зәлімін-ай! Бердіңдер ме?

– Әлбетте. Нотариусқа барып екеуін де соның атына жазып бердім. Сосын бір күн ауырдым, ертеңіне басымды көтерсем басқа адаммын. Жеңілдеп қалғанмын. Катяның түрін көрмек түгіл атын естігім келмейді.

– Бастан құлақ садаға. Құтылғаның дұрыс болған екен.

– Сумен келген дүние сумен кетті осылай.

* * *

Күннің көңілі қайта бұзылды. Аспанды бұлт торлап деміл-деміл күркірейді, нөсер жаңбыр сіркірейді. Жел айдаған тамшылар терезеге келіп арандап жатыр.

– Не ойлап кеттің?

– Сені...

– Мені?.. Мен көргенді көрген жоқсың, мен жүрген жолмен жүрген жоқсың.

– Құдай сақтасын!

– Иә! Сендерді сақтады, Құдай! Ал біздің басымызды допша тепті. Ақыры өз қақпасына әкеліп салды.

– Қайда барасың? Жеткізіп салайын.

– Мешітке...

Есболат АЙДАБОСЫН

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СЕКРЕТЫ ДОЛГОЛЕТИЯ

СОВЕТЫ 105-ЛЕТНЕЙ ЖИТЕЛЬНИЦЫ

КАНЗИЯ САХАУОВА ИЗ МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ В ЯНВАРЕ ОТМЕТИЛА 105-ЛЕТНИЙ ЮБИЛЕЙ. ЖЕНЩИНА РАСКРЫЛА СЕКРЕТ СВОЕГО ДОЛГОЛЕТИЯ.

Канзия Сахауова из Мангистауской области в январе отметила 105-летний юбилей. Женщина раскрыла секрет своего долголетия. По словам долгожительницы, чтобы прожить больше 100 лет, нужно не волноваться и посвящать свободное время труду. Несмотря на преклонный возраст, Канзия Сахауова помнит имена всех внуков и праправнуков, сообщает телеканал «Хабар 24».

105-летняя жительница Мангистау считает, женщины всегда должны следить за своим внешним видом. Серебряные кольца, серьги и шашбау – любимые украшения долгожительницы. *«Секрет долголетия – в труде и в благодарности другим людям. Я стараюсь каждый день встречать с улыбкой. И, конечно, следить за своим внешним видом. Женщина должна быть красивой даже в 105 лет!»* – считает долгожительница.

Как отметили корреспонденты, иногда бабушка достает старую швейную машинку и шьет вещи. Муж Канзии Сахауовой в годы войны погиб на фронте. Она осталась с двумя детьми на руках. Сильная женщина не только вырастила их, но и стала примером для многих. В свое время работала в колхозе и была депутатом.

«Секрет долголетия она нам объясняет тем, что все годы молодости, все военные годы, она трудилась, не покладая рук. Сейчас молодежь – лентяи, поэтому и болеют. А я даже хоть и поболею, чай попила, шубат попила и побежала пахать. Бабушкой мы гордимся и все ее любим. Мы у нее советов просим. На сегодняшний день люди думают, что в 105 лет разум у нее не такой. Нет. Она помнит даже наши детские годы», – рассказывает о Канзие Сахауовой жительница Актау Сауле Алиева. Корреспонденты рассказали, что недавно долгожительница перебралась в Актау по состоянию здоровья. Тем не менее, это не останавливает всех желающих получить благословение от долгожительницы перед каким-то важным событием.

СОЦВЫПЛАТЫ

ПРОИНДЕКСИРУЮТ В 2022 ГОДУ

В Казахстане в 2022 году проиндексируют пособия и социальные выплаты. Дополнительное финансирование предусмотрено в уточнённом проекте республиканского бюджета, передаёт BaigeNews.kz.

«*В основном проиндексируют пенсии и некоторые пособия ориентировочно на 9 процентов*», – сказал журналистам в кулуарах правительства министр национальной экономики Алибек Куантыров.

Он отметил, что фактически индексация будет произведена после того, как скорректированный проект республиканского бюджета будет принят парламентом, утверждён президентом страны и будет принято соответствующее постановление Правительства.

ПРОИСШЕСТВИЕ

СЕМЬЕ ПОГИБШЕЙ СОТРУДНИЦЫ ПЕТРОПАВЛОВСКОЙ ТЭЦ ОКАЖУТ ПОМОЩЬ. ОБ ЭТОМ ЗАЯВИЛО РУКОВОДСТВО КОМПАНИИ «СЕВКАЗЭНЕРГО», ПЕРЕДАЕТ TENGRINEWS.KZ.

СЕМЬЕ ПОГИБШЕЙ СОТРУДНИЦЫ ОКАЖУТ ПОМОЩЬ

«Руководство и коллектив АО "СЕВКАЗЭНЕРГО" выражают свои глубокие соболезнования родным и близким Натальи Чефоновой, которая погибла на петропавловской ТЭЦ-2. Руководство АО "СЕВКАЗЭНЕРГО", понимая тяжесть утраты, окажет всестороннюю поддержку семье Натальи Чефоновой в виде улучшения жилищных условий, выплаты финансовой компенсации семье в размере пятилетнего оклада погибшей сотрудницы, а также покроет затраты на получение образования ребенка Натальи Чефоновой. Все расходы, связанные с организацией похорон, также берет на себя работодатель», – заявили в пресс-службе компании.

Причина аварии будет определена после заключения государственной комиссии, добавили в «СЕВКАЗЭНЕРГО». Ранее сообщалось, что тело машиниста-проходчика нашли под завалами обрушившейся трубы ТЭЦ-2. Это была женщина 1984 года рождения.

Напомним, 20 марта на петропавловской ТЭЦ-2 обрушилась первая из трех труб. Момент обрушения попал на видео. После происшествия пропал машинист-проходчик. Поиски 38-летней женщины велись вручную из-за риска обвала. Ночью работы были приостановлены. Позже стало известно, что директор ТОО «ТЭЦ-2» и главный инженер предприятия задержаны и водворены в изолятор временного содержания Управления полиции Петропавловска.

С Т И Х И Я

ПРИЧИНЫ ПАДЕНИЯ ДЕРЕВЬЕВ НАЗВАЛИ В АЛМАТЫ

В Алматы участились случаи падения деревьев. Причину назвали в акимате, передает корреспондент МИА «Казинформ».

В соцсетях появились фото и видео падения деревьев во дворах, на авто и дороги. В управлении зеленой экономики города сообщили, что в марте этого года наблюдалось частое падение деревьев на территории Алматы по причинам неблагоприятных погодных условий (обильные дожди, мокрый снег), из-за которых размывался грунт, ослабевала корневая система деревьев. В результате этого происходило падение не только аварийных, но и здоровых деревьев.

«Администраторами бюджетных программ по содержанию и защите зеленых насаждений на землях общего пользования являются аппараты акимов районов, которыми ведется мониторинг на выявление упавших деревьев. Ликвидация происходит силами подрядных организаций и Службой спасения города Алматы», – сообщили в управлении.

По информации ведомства, на территории города имеются множество старых аварийных деревьев, но из-за негативного отношения к массовой вырубки со стороны общественности, районными акиматами работы по устранению аварийных деревьев происходит постепенно. На места вырубленных аварийных деревьев, производится компенсационная посадка новых саженцев, обновляя зеленый фонд Алматы.

«Также в случае падения дерева на автотранспорт, пострадавшему необходимо получить справку в Службе спасения города Алматы, после чего произвести оценку ущерба для дальнейшей подачи искового заявления в судебные органы», – отметили в управлении.



На сегодня в мегаполисе выявлено 84 случаев падения стволов деревьев и больших веток (в том числе, на автомашину – 44). На 62 адресах работы по ликвидаций выполнены силами коммунальных служб аппаратов акимов районов и службой спасения города Алматы, 22 в работе.

МАЛЬЧИКА НАСМЕРТЬ ПРИДАВИЛО ДЕРЕВОМ

Медики не успели спасти подростка. Ребенок умер до приезда кареты скорой помощи

В Таразе на 12-летнего подростка, ждавшего автобус вместе с матерью, упало дерево. В результате ЧП ребенок скончался на месте происшествия.

По информации департамента полиции Жамбылской области, в 13.30 в полицию поступило сообщение о том, что возле автобусной ос-тановки парка "Арбат", расположенного по проспекту Толе би, обрушилось дерево и придавило 12-летнего мальчика, который вместе с мамой ждал маршрутный автобус.

«В результате данного происшествия несовершеннолетний от полученных телесных повреждений скончался на месте происшествия», – сообщили в департаменте.

Правоохранителями проводятся следственно-оперативные мероприятия, направленные на полное и всестороннее расследование произошедшего.

Отметим, что в Таразе установилась ветреная погода. Порывы ветра достигали 30 метров в секунду. Повреждена кровля на нескольких домах.

Бейсенбі - Четверг, 14 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 02.55 Әнұран
06.05 «Жәдігер».
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 21.30 Т/х «Ынтымақ ауылы»
13.10, 17.15 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «Жан жылуы»
15.35 «Ауылдастар»
16.10 Т/х «Қаныш. Қазына»
20.35 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 Бағдарлама «1001 Түн»
00.35 «Көңіл толқыны»
00.50 «Барселона»- «Айнтрахт»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00, 16.00 Discovery: Сквозь червоточину с М. Фрименом
07.00 «Таңғы хабар»
10.00, 18.00 Мегахит
12.00 Т/х «Бәсеке-2»
13.00 Т/х «Большая неделя»
16.00 Кино
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Тікелей эфир «Негізінде»
20.35 «Үкімет»
21.00 Итоги дня
21.30 Прямой эфир «По сути»
21.35 Т/х «Ана жүрегі»
22.30 Тұсаукесер «Түнгі хабар»
00.00 «Сырты бүтін» драма

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.20, 02.30 Т/х «Ұлым»
12.20, 23.50 «Сарай жауһары»
13.30 «Айтарым бар»
14.30, 03.10 Т/х «Шыңғысхан»
15.30, 04.40 Т/х «Келіндер»
17.00 Т/х «100-Махаббат»
17.35 Т/х «Кішкентай келін»
18.30 Т/х «Ене»
20.00, 03.50 ASTANA TIMES
21.00 Т/х «Қара ниет»
01.00 Т/х «Сүлеймен сұлтан»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Жить здорово!»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.00 «Доброе утро, Казахстан!»
09.00 «На самом деле»
10.00 «Пусть говорят»
11.10, 00.10 «Мосгаз. Новое дело майора Черкасова»
12.10 «Виолетта из Атамановки»
14.00, 02.00 Новости
14.15, 02.15 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.15 «Басты жаңалықтар»
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 «Невский. Проверка на прочность»
01.10 «Охота на изюбря»
02.30 «Паутина»
03.45 «Тамаша City»
04.30 «Той заказ»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Бір кем дүние»
09.00 «OZAT OTBASY»
10.00 Новости
10.40 «Другие»
12.40 «Волк»
14.30 «Одиночка»
15.30 «Королева бандитов-2»
17.30 Т/х «Тоғжан»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «OZAT OTBASY»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Другие»
23.40 «Любви целительная сила»
01.30 «Королева бандитов-2»
02.50 Т/х «Бір кем дүние»
03.50-04.20 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Құйынды мекен» т/х
10.35 Экономика жаңалықтары
10.45 Мәдениет жаңалықтары
11.00 «Бүгін»
11.30 «Иман нұры»
12.00 Жаңалықтар
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 Новости
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.20 Экономика жаңалықтары
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Сегодня» /прямой эфир
20.00 «Иман нұры»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Экономика жаңалықтары
21.10 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» т/х
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
07.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30 М/с «Три кота»
09.00, 14.00 «Маша и медведь»
10.30 31 әзіл
11.00, 01.20 Т/х«Ханшайым»
12.00 Т/с «Тайная любовь»
13.30 М/с «Тимон и Пумба»
14.15 Кино. «Близнецы-2»
16.50 «СеняФедя» (повтор)
18.30 «СеняФедя»
20.00 Информбюро
21.00 Сездің шыны керек
21.10 Т/х «Ұшқан Ұя»
22.05 Кино. «Громобой»
00.00 Т/с «Анупама»
02.00 Т/с «БАЗАРБАЕВТАР»
04.30 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 04.30 «Қуырдақ»
07.00 «Жайдарман»
08.00, 14.20 «Серт пен сезім»
09.00 «Смеяться разрешается»
10.00, 19.30 «Я заберу твою семью»
12.00, 17.30 Т/с «Женский доктор»
13.00 «Q-Елі»
13.30, 23.10 «Зың-зың Күлпәш»
15.20 Т/х «Көзайым»
16.20, 00.10 Т/с «Гадалка»
18.30, 01.00 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
19.30 «Я заберу твою семью»
21.30 Т/х «СӘКЕ-2»
22.30 Т/х «Қадам»
01.30 «Студия 7»
02.00 «ОЯН, QAZAQSTAN»
02.30 «Тамаша 7 км»
03.15 Т/х «Япырай»
03.45 «Айна-online»

Жұма - Пятница, 15 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.30 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 21.30«Ауыл мұғалімі»
13.10, 17.15 «Қызық екен»
13.50, 01.05«Теледәрігер»
15.15 «Тұлға»
15.35, 01.55«Ауылдастар»
16.10 «Қаныш.Қазына»
20.35«Ашық алаң»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 «Көңіл толқыны»
00.00 «Парасат майданы»

ХАБАР

05.00, 16.00 Кино
«Discovery:Сквозь червоточину с Морганом Фрименом»
07.00«Таңғы хабар»
10.00, 18.00 Мегахит.
12.00 «Бір туынды тарихы»
12.30 «Бәсеке-2»
13.00 Т/х«Бәлелер»
15.00 «Бүгін»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Үкімет»
21.00 Итоги дня
21.30 Премера! «По сути»
21.35 Т/х «Ана жүрегі»
22.30 «Түнгі хабар»
00.00 Т/х «Сырты бүтін»

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
07.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.00, 21.55 «Қарындасым, қарлығашым»
11.20,02.30 Т/х «Ұлым»
12.20, 23.50 «Сарай жауһары»
13.30 «Айтарым бар»
14.30, 03.10 «Шыңғысхан»
15.30, 04.40 «Келіндер»
17.00 «100% махаббат»
17.35 «Кішкентай келін»
18.30Т/х «Ене»
20.00, 03.50 «Астана таймс»
21.00 «Қара ниет»
01.00 «Сүлейман сұлтан» т/х

ЕВРАЗИЯ

06.00«Жить здорово»
07.00 «Қайырлы таң Қазақстан»
08.00 «Доброе утро Казахстан»
09.00 «На самом деле»
10.00 «Пусть говорят»
11.10 Т/с «Мосгаз». «Катран»
12.10 Т/с «Виолетта из Атамановки»
14.00, 02.00 «Новости»
14.15, 02.15 «Жаңалықтар»
14.30 «Кослайк»
18.30, 03.15 Басты жаңалықтар
19.00 «Көреміз»
20.00 «Главные новости»
20.40 «Поле чудес»
21.55 «Право на ошибку»
01.10 «Мужское/женское»
02.30 «П@утина»
03.45 «Тамаша сити»
04.30 «Той заказ»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.30, 02.50Т/х «Бір кем дүние»
09.30 «Ozat отбасы» ток-шоу
10.10 Новости
10.50 Т/с «Другие»
12.50 Т/с «Любви целительная сила»
14.30 «Одиночка» Т/х
15.30, 01.20 Т/х «Королева бандитов-2»
17.30 «Тоғжан», телехикая.
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Арнайы репортаж
20.35 «Дау-дамайсыз»
20.35, 03.40 «Ktkweb»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Охотники за караванами» драма
22.00 «Алмазный эндшпиль»
01.10 «Одиночка» Т/с
03.50 кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Құйынды мекен» т/х
10.35 Экономика жаңалықтары
10.45 Мәдениет жаңалықтары
11.00 «Сегодня»
11.30 «Иман нұры»
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 Новости
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.20 Экономика жаңалықтары
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир
20.00 «Иман нұры»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Экономика жаңалықтары
21.10 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» т/х
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

06.00 03.20 Әзіл студио
07.00, 05.00 Ризамын
07.30 Информбюро (повтор)
08.30 М/с «Три кота»
09.00,14.30 «Маша и медведь»
10.30 «31 әзіл»
11.00, 01.20 Т/с«ХАНШАЙЫМ»
12.00 Т/с «ТАЙНАЯлюбовь»
13.30 Тимони Пумба»
14.50 Худ. фильм «Громобой»
16.50, 18.30 Т/с«СЕНЯ ФЕДЯ»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 Т/с «ҰШҚАН ҰЯ»
21.55 КИНО, «ГУДБАЙ, МОЙ-БАЙ»
00.00 Т/с «АНУПАМА»
02.00 Т/с»БАЗАРБАЕВТАР»
04.30 What's up?

7 КАНАЛ

06.00, 04.30 Қуырдақ
07.00 Jaidarman
08.00, 14.20 Т/х «СЕРТ пен сезім»
09.00 Смеятся разрешается»
10.00, 19.30 Т/с «Я заберу твою семью»
12.00, 17.30 Т/с «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР»
13.00 Скетчком «О-ЕЛ!»
13.30 Т/х»БАСТЫҚ БОЛАМЫН»
15.20 Т/х «КӨЗАЙЫМ»
16.20 Т/с «ГАДАЛКА»
18.30, 00.50 «Aibat»
19.00, 01.20 «Студия 7»
21.30 Телехикая «СӘКЕ-2»
22.10 Х/ф «Все из-за мужикоff»
01.50 «ОЯН QAZAQSTAN» Music
02.30 «Тамаша 7 км»
03.15 Телехикая «ЯПЫРАЙ»
04.45 «Айна-online»

Сенбі - Суббота, 16 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.30 Ақпарат
07.05 Күй-керуен
07.40 «Дәуір даналары»
08.40 01.50 «Әйел әлемі»
09.15, 00,30 «Зиннар»
10.00, 18.00 «Гүлдер құпиясы»
12.00 «Qazaqstan дауысы». Балалар
13.00 «Назар аудар»театрының концерті
15.50 «ДАЛА ДАУЫСЫ»,
16.35 Е.Айдар концерті
20.20, 01.10 «Мәселе»
21.00 «Қазақстан дауысы. Балалар»
22.40 Телехикая «Жат мекен»
23.40 «Көңілашар»
02.20 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00,16.00 Кино
07.00 Т/х «Няня аға»
08.45 «Өзін-өзі тану»
09.00 «XX ғасыр көшбасшысы
10.00 «Tangy fresh»
10.30 Кино «Қыз-Жібек»
13.00 Т/х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ»
18.00 Хит жазамыз
19.15 «Маска» 2 маусым
21,00 Ақпарат арнасы «7 күн»
22.00 Прямой эфир! Отдел журналистских расследований. Ближе к делу.
23.30 Концерт

АСТАНА

06.00 «БЕЛГІСІЗ ЖАН»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.55 «ҚАРЫНДАСЫМ, ҚАРЛЫҒАШЫМ»
11.20, 02.50 «ҰЛЫМ»
12.20 «Шыңғысхан»
16.45 «Шаншар»
20.00. 03.30 «Астана кеші көңілді
21.00 «ҚАРА НИЕТ»
23.40 Худ, фильм «Бизнес по казахски»
01.20 «Сүлеймен сұлтан»
04.20 «Үздік әзілдер»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.05«Той БАЗАР»
07.30, 04.35 «Той ЗАКАЗ»
08.25, 02.20 «П@утина»
09.00 Худ. Фильм «Егерь»
11.10Т/с «Право на ошибку»
14.35Х/ф «Опекун»»
18.00 «Айна»
19.00 Т/с « Оазис любви»
21.00 Т/с «Никто не узнает»
00.40 Х/ф «Профессионал»

КТК

07.05, 04.10Мерекелік концерт
07.20 «Судағы із»
08.00Көңілді отбасы
08.55 КТКweb
09.20 НОВОСТИ
10.00 СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ
11.40 «Охотники за караванами» детективная драма
15.30, 02.50 К/ф «Корейдағы махаббат»
17.20 «Шаншар»
20.00 «AQ MAMA»
21.00 БОЛЬШИЕ НОВОСТИ
22.00 «Мальчик мой»,
01.40 «Отречение»Т/с

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Құйынды мекен» Т/хсы
10.35 Экономика жаңалықтары
10.45 Мәдениет жаңалықтары
11.00 «Бүгін»
11.30 «Иман нұры»
12.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Мәдениет жаңалықтары
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 «Әсем әуен»
13.30 «О рыбаке и его жене» ертегісі
14.30 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
15.00 «Жанашыр»
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Мәдениет жаңалықтары
16.00 «ШАШУ»
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Зерде»
19.15 Новости
19.30 «Безбен»
20.15 Инфо-блок
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Иман нұры»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қазақстанда жасалған»
22.40 «Әсем әуен»
23.00 «Шерткіш пен тышқан патшасы» ертегісі

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 «Тәтті шоу»
08.00, 01.10 «Тамаша live»
09.00 «Күліп алл»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 М/с «Ералаш
11.00Лило и Стич
12.00 «Bizdin show (повтор)
14.00 М/ф «Два хвоста»
15.40 Кино «Бизнес по-казахски»
17.45 Кино «Вратарь галактики»
20.15Кино «Боги Египта»
22.45 Концерт «Алдараспан
02.00 What's up?
03.00 Әзілдер күнделігі
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Куырдак»
06.30 «Гу-гулет»
07.00 Телехикая «япырай»
07.30 «Құтты қонақ»
08.00 Jaidarman
09.00 «Орел и Решка»
11.00 Т/с «Маменькин сынок»
15.00 Концерт
17.15, 01.40 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
19.30 Т/х «Сәке-2»
21.00 Шоу «Маска»
00.00 Х/ф «13»
03.30 Скетчком «Q-ЕЛІ»

Жексенбі - Воскресенье, 17 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.35, 01.20 «Күміс көмей»
07.25 «Талпын»
08.00, 02.10AQSAYYT»
08.25 «Сағындырған әндер-ай»
10.00, 18.00 «Гүлдер құпиясы»
12.00 «Қазақстан дауысы»
13.50М/ф «Вольт»
15.20«Ән мен әнші»
16.50 «Күй-керуен»
17.25 «Әйел әлемі»
20.00, 00.30 «Апта»
20.50 «Жүзден жүйрік»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 «Көңілашар»

ХАБАР

05.00, 16.00 Кино
07.00 Т/х «Няня аға»
08.45 «Самопознание»
09.00, 23.30 Концерт
10.00 Кино «Қыз – Жібек»
12.30 Т/х «Ана жүрегі»
14.00 «Маска»
18.00Мехахит
20.00 «Хит жазамыз»
21.00 «7 күн»
22.00 «Большая неделя»

АСТАНА

06.00 «Белгісіз жан»
07.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.20,21.55 «Қарындасым, қарлығашым»
11.20, 03.45 Т/х «Ұлым»
12.20 Х/ф «Көкжалдар»
14.00 «Алдараспан»
18.00 Х/ф «Бизнес по-казахски
20.00 «SarapTimes»
21.00 «Қара ниет»
23.40 Т/х «100% махаббат»
02.15 Т/х «Сүлейман Сұлтан»
04.30 «Үздік әзілдер»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.35 «Той базар»
07.45 «Той заказ»
08.15, 02.50 «П@ytina»
09.05 «Воскресные беседы»
09.20 «Байконур первый на планете земля»
10.25, 21.00 Т/с «Никто не узнает»
14.10 Т/с «Обмани себя»
17.30 «Добрый вечер Казахстан!»
18.30 «Лучше всех»
20.00 «Грани»
20.40 «Точ-в-точь»

КТК

07.05, 04.00 «Мерекелк концерт»
07.30, 17.20, 02.40 «Ән мен әнші»
09.30 «Юморина»
11.30 Т/с «Мальчик мой»
15.30, 02.45 «Әйелдер көтерілісі»
20.00 «Ақ мама» реалити-шоу
21.00 «Портрет недели»
22.00 Т/с «От сердца к сердцу»
23.40 «Одиночка»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Д/ф «Әйгілі режиссер»
10.30 «Сильные духом»
11.00 «Безбен»
12.00 М/ф «Джеки Чан»
12.40 «Иман нұры»
13.30 «Зерде»
14.15 «Қазақстанда жасалған»
14.45 «Әсем әуен»
15.00 «Дәрігер кеңесі»
15.45 Д/ф «Мәдени байлықтар»
16.00 «Әсем әуен»
18.00 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
18.30 «Олжа»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «ЭКО-рейд»
20.00 «Иман нұры»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Жұлдыз болғың келсе»

31 КАНАЛ

06.00, 02.00 Әзіл студио
07.00, 01.10 «Тамаша live»
07.30 «Күліп ал»
09.00 «Телебинго»
09.25 «Готовим с Адель»
09.55 «Два хвоста»
11.40 Кино«Бизнес по-казахски»
13.45 Кино «Вратарь галактики»
16.35 Кино «Боги Египта»
19.15 Кино «Линия горизонта»
21.00 «Біздің шоу»
23.00Х/ф «Герой»
03.00 «Әзілдер күнделігі»
04.00What`s up?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
06.30 «Гу-гулет»
07.00 Т/х «Япырай»
07.30 «Құтты қонақ»
08.00, 02.30«Jaidarman»
09.00 «Маска»
12.00 «Иконов и Ко»
15.00, 04.00 «Q-елі»
16.30Т/х «Қадам»
19.30 Т/х «Сәке-2»
21.00 Т/с «Шахматная королева»
00.45 Х/ф «13»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КІТАПХАНАДА

АҚЫНМЕН ӨТКЕН ӘСЕРЛІ КЕШ

Балалар кітабы халықаралық кеңесінің шешімімен 1967 жылдан бастап балалардың сүйікті жазушысы Ганс Христиан Андерсеннің туған күні, осыған орай, 2 сәуір халықаралық балалар кітабы күні деп бекітілген.

Атаулы мереке аясында қалалық орталық балалар кітапханасында «40 ертегі» атты кездесу өткізілді. №18 орта мектеп лицейінің 4 сынып оқушыларымен өткен шараға жергілікті ақын Айман Сапатайқызы Кәріпбаева арнайы қонақ болып келді.

Кездесу ақын А. Кәріпбаеваның шығармаларымен таныстырылудан басталды. Шара барысында 4 сынып оқушылары ақынның «Балаларға қазына» атты кітабына енген «Ағаш пен бала» ертегісіне сахналық қойылым қойып, өлең шумақтарын оқыды.

Балғын балалардың шығармасына тәнті болған кеш қонағы Айман Сапатайқызы балаларға өзінің «Туған өлкем» атты өлең кітабынан Жетісу өлеңін, «40 ертегі, 100 жұмбақ, 100 жаңылтпаш, 100 санамақ, 100 өтірік өлең, 100 тақпақ» кітабынан Зәулім ағаш шығармасын оқып, таныстырды.

Кездесудің басты мақсаты – балаларды әдебиетке жақын болуға шақыру, кітап оқуға үндеу. Адам өмірінде кітаптың алар орны ерекше екенін түсіндіру. «Кітап – білім бұлағы, ал білім – өмір шырағы» екенін жеткізу.

Л. ДАЙРАБАЕВА,
Талдықорған қалалық орталық балалар кітапханасының кітапханашысы.

МЕРЕКЕЛІК ШАРА

Қалалық орталық кітапханасында Наурыз мерекесіне орай «Қош келдің, әз-Наурыз» атты мерекелік шара ұйымдастырылды.

Шараға қатысқан Б. Жолбарысұлы атындағы №18 мектеп-лицейінің 5 сынып оқушыларына қазақтың салт-дәстүрі таныстырылды. Сонымен қатар Наурыз мейрамына орай сұрақтар қойылып, ұлттық ойын «Арқан тартыс» ойнатылды.

Мерекелік кеште Наурыз мейрамына арналған өлең шумақтары да оқылды. Шара соңында балалар мерекеге арналып жайылған ұлттық тағамнан дәм татты.

Шараны өткізудегі басты мақсат – балаларға Наурыз мейрамы туралы түсінік беру, қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу.

М. САПБЕК,
Талдықорған қалалық орталық балалар кітапханасының кітапханашысы.

ҚАЗЫНА

ТІЛ ТАҒЫЛЫМЫ

ЕЛІМІЗДЕ ТІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ МЕН ДАМЫТУДЫҢ 2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДА ТҰРАТЫН ХАЛЫҚТАР ТІЛІН САҚТАЙ ОТЫРЫП, МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БАЛАБАҚША, МЕКТЕП, ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ, МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІКСАЛАНЫҢБАРЛЫҒЫНДАҚОЛДАНЫСҚАЕНГІЗУЖӘНЕӨМІРЛІКҚАЖЕТТІЛІККЕ АЙНАЛДЫРУ БАҒЫТЫНДА АЙТАРЛЫҚТАЙ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛУДА.

Осы орайда, мемлекеттік органдарда, соның ішінде, соттарда да қазақ тілінің қолданыс аясын кеңіту жолында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Әрине, қазақ тілі елімізде ресми түрде мемлекеттік тіл екенін айдан анық. Енді оның көсегесін көгерту өзімізге байланысты екенін жақсы түсінуіміз қажет. Мемлекет тарапынан мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға байланысты пәрменді шаралар үздіксіз қолданылып жатқаны белгілі. Тілді неғұрлым күрделендіріп, үстемелеген сайын құны кетеді. Қазақтың сөздік қорының мол, тілінің шұрайлы, көркем екені даусыз. Тек соны өз мәнінде орынды қолдана білсек, нұр үстіне нұр. Егер қос тарап дауына қатысты нақты және толық жауап алса, ал судья соны өз шешімінде түсінікті әрі қарапайым тілмен жеткізсе, азаматтар қабылданған шешімнің байыбына барып, тұжырымын тиянақты ұғынатын болса, жоғарыға қарай шағымданулары да азаяры ғажап емес.

Сотқа әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы толтыруға құқылы құзырлы органдар тарапынан мемлекеттік тілде толтыруын қатаң бақылауға алып, іс жүзіне асырса, мемлекеттік тілдегі қаралатын істердің саны да көбейіп, мәртебесі де артатыны сөзсіз. Сотта қаралатын істер бойынша бір байқағаным, құқық бұзушының ұлты қазақ болса да әкімшілік хаттамалар орыс тілінде толтырылып, құқықтары да сол тілде түсіндіріліп жатады, ал сол құқық бұзушы сотқа келген жағдайда «мен орыс тілін жетік білмеймін, кейбір сөздерді түсінбеймін, полиция қызметкері хаттаманы орыс тілінде толтырған соң, хаттамаға қол қойдым» деген уәждерін айтып жатады. Сол себептен, әрбір Ішкі істер қызметкері осы мәселеге келгенде өзіміздің ана тіліміздің аясын кеңейтіп, құқық бұзушылардың құқығын бұзбаса деген ұсыныс айтқым келеді.

Дәурен БЕЛГІБАЕВ,
Талдықорған мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты Шығыс кеңсесінің бас маманы.

БІТІМГЕРШІЛІК

Қазіргі заманда соттасу – көп уақытты, қомақты қаражатты, адамдардың жүйкесінің төзімділігін қажет ететіндігі белгілі. Осындай келеңсіз жағдайларға түспеу жолы – дауды медиация жолымен сотқа жеткізбей шешу, медиация заңының қолданылу аясын арттыру.

МЕДИАЦИЯ – ҚОҒАМ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі болып табылады. Медиацияның мақсаты – дауды шешудің медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу және тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету. Осы орайда сот әділдігін іске асырған қазақ билерінің ел ішіндегі дау-дамайды ушықтырмай, іштей келісімге келтіртіп, шешіп отырғанын атап өту керек.

Сайып келгенде алдағы уақытта медиация заңының қолданылу аясын одан әрі кеңейту жұмыстарын пәрменді жүргізу керек, ол ортақ міндет. Оған барлық құқық қорғау органдары, билік өкілдері, қоғамдық ұйымдар ат салысуы тиісті. Себебі, дауды ушықтырмай, сотқа жеткізбей медиация тәртібімен шешу – қарапайым халық үшін өте тиімді, әмбе қоғамда әлеуметтік шиеленістерді болдырмаудың кепілі болмақ. Яғни, бұл тәсілдің пайдасы зор екені күмәнсіз.

Медиация тек жеке құқықтық қатынастарға ғана қолданылады. Ол тараптардың бірі мемлекеттік орган болатын құқықтық жанжалдарға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қолданылмайды.

Айнұр ОРМАШЕВА,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы.

МАМАН МІНБЕРІ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – БАРШАНЫҢ МІНДЕТІ

КЕЗ КЕЛГЕН ӨРКЕНИЕТТІ ҚОҒАМ ҮШІН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ЕҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІ, ҚОҒАМДЫ ІШІНЕН ЖОЮДЫҢ БАСТАМАСЫ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРДІ ЖОҚҚА ШЫҒАРАТЫН ҚАУІП-ҚАТЕР. СОНДЫҚТАН ДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘР АЗАМАТЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІНІҢ БІРІ – СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ БОЛДЫРМАУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Сыбайлас жемқорлықпен барынша күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өз құқықтары мен құқыққа қайшы іс-әрекет жасалғанда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты, дұрыс жолдарын толық білуі қажет.

Алматы облысы Әділет департаменті өз тарапынан жемқорлықпен күрес мәселесін күн тәртібінен түсірген емес. Жыл басынан бері қызметкерлермен сыбайластық жемқорлық тақырыбында мақалалар жарияланып, қоғамдық жұмыстар жүргізіліп, әлеуметтік желілерде ақпараттар таратылып келеді. Сонымен қатар, Алматы облысы Әділет департаменті Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Алматы облысы бойынша департаментінің бірқатар жобалар мен бастамаларына («ADALDYQ ALANY», «ANTIKOR LIVE», «ADAL KOMEK» т.б.) ат салысып, сыбайлас жемқорлықпен барынша күресу үшін бірлесе жұмыс жүргізуде. Аталған жобалар аясында жыл бойына арнайы жоспарлар бекітіліп, іс-шаралар уақытылы өткізілуде.

Сондай ақ, Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын орындау шеңберінде Алматы облысы Әділет департаментінің 2022 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар жоспары да бекітілді. Аталған жоспардың басты мақсаты: қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне мүлдем төзбеушілік ахуалын жасау арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа барша азаматты тарту және сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

Динара ҚАРАТАС,
Алматы облысы Әділет департаменті Әкімшілік-құқықтық бөлімінің бас маманы.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТҮЙТКІЛ

ҚАҢТАРДЫҢ ҚАСАП КҮНДЕРІ

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БІР ЖАҚСЫ ҚАСИЕТІ ӨТКЕН ЖЫЛДАРДЫҢ ҚИЫНДЫҒЫ, ЕЛ-ЖҰРТҚА ЖАЙЛЫЛЫҒЫ ЖӨНІНДЕ НЕШЕ ТҮРЛІ САРАПТАМА ЖАСАП, АЯҒЫН ЖАҚСЫЛЫҚҚА ӘКЕП ТІРЕЙТІНДІГІНДЕ. 2021 СИЫР ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫН ҒАНА ЕМЕС, ӘЛЕМ ЖҰРТШЫЛЫҒЫН ӘБІГЕРГЕ САЛҒАН АУЫР ЖЫЛ БОЛДЫ. «ТӘЖТАЖАЛДАН» ЕЛІМІЗГЕ БЕЛГІЛІ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ ӨКІЛДЕРІ МЕН ҚАЗАҚТЫҢ НЕБІР АСЫЛ ҰЛ- ҚЫЗДАРЫ КЕЛМЕСКЕ КЕТТІ. «ЖАУ ЖАҒАДАН АЛҒАНДА, БӨРІ ЕТЕКТЕН АЛАДЫ» ДЕМЕКШІ, ТАБИҒИ ҚУАҢШЫЛЫҚ ПЕН ЕГІСТІКТЕРГЕ СУ ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ, АЛЫПСАТАР ДЕЛДАЛДАРДЫҢ ЖЫМЫСҚЫ ӘРЕКЕТТЕРІ, ҚЫМБАТТАҒАН ТҮРЛІ ДҮНИЕЛЕР ЕЛІМІЗДІ ТЫҒЫРЫҚҚА ТІРЕДІ.

Осының бәріне шыдаған халқымыз жыл соңында егемендігіміздің отыз жылдығын ел боп атап өтіп, болған іске бекем болудың үлгісін көрсете білді. Ұшар басынан етегіне дейін ақ ұлпа қарға малынып, күмістей жарқырап жататын Алатаудың маңайында биыл қар аз. Жер беті қоңырқошқылданып, сүреңсіздеу кейіпте жатыр. 2022-ші барыс жылы басталғанда да күн бұлыңғырланып, зеңгір көкті тарғыл бұлт бүркеп, ел еңсесін ауыртпалық басқандай болып тұрды. Өткен жылдың соңында қара басының қамын ғана ойлайтын монополистер мен алыпсатарлардың өзара ымыраласуынан табан астынан 60 теңгенің сұйық газы 120 теңгеге көтеріліп, «шықпа жа-ным шықпа» деп отырған халық, наразылығы инстаграм, фейсбук беттеріне шыға бастады. Ашкөз тойымсыздардың бұл қылықтарын сынға алғандардың «бұл тоқтатылсын» деген өтініш арыздары айтылып та, жазылып та жатты. «Аға деп барсаң ағаға, ағаның көңілі көкте жүр, бауыр деп барсаң бауырға, бауыры оның көк темір» деп Есенқұл ақын айтпақшы, «тәжтажал», құрғақшылық пен қымбатшылықтан жапа шеккен халық биылғы барыс жылынан үмітті еді. Қаңтардың екінші жұлдызы Алматы аспанын сұрғылт тұман басып, түтін бүркіп тұрды. Ауырлықты сезгендей елдің де еңсесі көтерілетін түрі жоқ. Сұйық газдың бағасының жоғарылауы Жаңаөзен, Атырау халқының наразылығын күшейтіп, ереуілге шығуға әкеп тіреді. Президентіміздің тапсырмасымен онда барған өкімет өкілдері бұрын оны байқамағандай, жең ұшынан жалғасқан жемқорлықты сезбегендей кейіп танытып, бейбіт шерушілермен мәмілеге келген болып, бағаны амалсыздан бұрынғы қалпына келтіруге мәжбүр болды. Біздің шен шекпенділеріміз әр сөздерінде үлгі жасап жүретін АҚШ-тың бұрынғы Президенті Ф. Рузвельт «Бизнесменнен мемлекет қайраткері шықпайды, өйткені ол өз қалтасын ғана ойлайды» деген екен заманында. Ол өз ұлтының тілі, ділі, әдебиеті мен мәдениеті, салт-дәстүрінің ақшаға айырбасталып кетпесін дегенді меңзесе керек. «Ар жазасы, бар жазадан ауыр» дейді дана халқымыз. Жан-жақтан қымбатшылық қысып, азық-түліктің бағасы шарықтап тұрғаны жанына батқан халық, 4 қаң-тар күні таңертең Алматыда алаңға шығып, бейбіт шерушілер бұл жағдайдың барлық жерде белең алып тұрғанын, мемлекет басшылары-ның құлағына жеткізбекке бел буды. Іздегенге сұраған Құланның қасуына – мылтықтың басуы» дегендей, халықтың бейбіт бас көтеруін өз пайдасына асыруға ниетті сыртқы, ішкі бұзық ойлы саясаткер, лаңкестер отқа май құйып шыға келді. 5-ші қаңтарда басталған шеру бір мезетте Алматы, Тараз, Талдықорған, Шымкент, Қызылорда, Семей, Ақтау, Атыраудан жалғасын таба бастады. Қасым-Жомарт Тоқаев сол күні қауіпсіздік кеңесінің төрағасы, әрі Президент ретінде теледидардан үндеу жасап, ұйымдастырушылардан келеңсіздікті тоқтатуын қайта-қайта өтінді. Қала ғимараттарын қирату, тонау орын ала бастады. Бұл қазақ халқына тән қасиет емес еді. Мемлекетке қорған болып, халықтың қауіпсіздігін қорғайтын құзырлы мекеме қызметкерлері ғимараттарын бос қалдырып, табанын жалтыратып тайып отырды. Істің соңы күрделеніп, мемлекет төңкерісіне бағыт ала бастағандай. Қазақстан халқының қауіпсіздігі мен егемендігіне нұқсан келмесі үшін Президент шұғыл шаралар қабылдап, (ОДКБ) ҰҚШҰ ұйымынан көмекке күш сұрайтынын жария етіп, лаңкес, террорлар Отанымызға басып кіргенін мәлімдеп, шарасыздықтан оларға қатаң жаза қолданатынын айтып, соңғы шараларға баруға мәжбүр болды. Барлық қалаларда коменданттық сағаттар орын алды. Бейбіт шерудің арты мазарға сүйек көтертті, бас көтерушілерді жаппай темір торға тоғыта бастады.

Бұл оқиға 1986 жылы үш күн ішінде болған желтоқсан көтерілісін көз алдыма айна қатесіз алып келді. Ол шақта институтты бітіргеніме екі жыл болған. Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы, Қаракемер ауылында жетекші маман болып жүрген кезім еді. 14 желтоқсан кезекті демалысыма шығып, 15 желтоқсан күні Алматыда ақын інім Әзімбек Жанқұлиев, жезқазғандық күйші Алпысбай Тұрсынбеков үшеуміз жолығып, Байсейітов көшесінің бойындағы қымызханада бас қосып, өткен студенттік күндерімізді еске алып жақсы көңіл күймен тарасқанбыз.

1986 жыл. 16 желтоқсан күні теледидарда кешкі жаңалықтардан диктор Ласкер Сейітов Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Д. Қонаев жұмысынан босатылып, орнына Ресейден Ульянов облысының бірінші хатшысы Г.Колбиннің келгенін хабарлады. 17 желтоқсан күні сағат ондар шамасында халық көтеріліп, зиялы қауым өкілдері және көбіне жастар алаңға жинала бастады. Бәріміз алаңға бардық. Жиналушылардың негізгі талабы «неге Ресейден басшы келеді, бізден Қазақстанды басқаруға бір қазақ табылмады ма?» деген ұрандар еді. Халықтың қарасы көбейе бастады. Түс ауа алаңдағы мінберге халықты тоқтату мақсатында төрт-бес кісі көтерілді. Есімде қалғандары жоғары шенді қызметкерлер З. Камалиденов, Мирошник, Н. Назарбаев. Бір кезде шетте тұрған кісі «*Мен министрлер кеңесінің төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевпын деп сөз бастап, Орталық комитеттің шығарған шешіміне қарсы келмейік, жастар тараңыздар*» деп басу айтты. Оны құлаққа ілген ешкім болмады. Жиналған жұрт басшылық мәселесі шешімін таппай алаңнан тарамайтынын мәлімдеді. Кешкісін апай-топай басталып, әскер шақырылып, жиналған халыққа көз ашытатын түтінді дәрілер лақтырылып, өрт сөндіретін көліктермен су шаша бастады. Бұл әрине жоғарғы жақтың тапсырмасын орындаушы қауіпсіздік комитеті КГБ қызметкерлерінің құйтырқы әрекеттері еді. Бейбіт шеруге шыққан жазықсыз қаншама адам зардап шекті, еркіндік тілеген алтындай қыздарымыз бен жалындаған жігіттеріміз өлім құшты. Қаншамасы абақтыда зардап шегіп, уыздай бойжеткендеріміз мұзға отырғызылып, сәби көтере алмайтындай дәрежеге жетсе, азаматтарымыздың сағы сынды. Өмірге келетін қазақ халқының қаншама сәбиінің болашағына балта шабылды. Сонда да бейбіт ереуілге шыққан жастарға «басбұзар, нашақорлар» деген айып тағылған еді. Қалай десек те ТМД аумағында Кеңес дәуірінің қыспағынан елінің бостандығын сұрап, бірінші болып бас көтерген қазақ жастары екені даусыз еді. Оның бәрі бүгінгідей көз алдымда сайрап тұр. Қаңтардың төртінде басталған ереуіл оныншы жұлдызына қарай басылды. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы қаңтардың 11 жұлдызы халыққа үндеу жариялады. Мемлекет қызметкерлері және шексіз байып алған ат төбеліндей алпауыт олигарх, монополистермен халық арасының жер мен көктей болып алшақтауы, елдің кедейленуі, жастардың жұмыссыздығы, жұрттың жүйкесін жұқартқан жүйенің осы мәселелерге себеп болғандығын басып айтты. Өкімет басшысының бар мәселені уысынан шығарып алғандығын сынға ала отырып, А. Маминді қызметінен босатты. Отанымызға лаңкес содырлардың еркін кіргенін, сыртқы, ішкі қауіпсіздікті қадағаламай еліне опасыздық жасаған (кнб) ҰҚК төрағасы Кәрім Мәсімовті және орынбасарларын орнынан босатып, абақтыға жапты. Қақтығыста кәсіпкерлер жапа шегіп, құқық қорғау қызметкерлері мен жазықсыз жастар оққа ұшты. «Кесені қолыма алып қарай бердім, ішінде нақақ көзден жас бар ма?» деп Сұлтанмахмұт Торайғыров айтпақшы, кінәлілер өз жазасын алар-ау, бірақ бейбіт шеруге шығып, арандатушылардың кесірінен жапа шегіп, он екіде бір гүлі ашылмай кеткендердің аналарының көңіліндегі көгілдір шықтары көз жасы болып тамшылап, кесеге толғаны жүрегіңе салмақ салады. Бұл жазықсыз жастардың қаны, обал сауабы кімнің мойнында екені бір Аллаға аян.

Осы жағдайды қарап отырып, біз әркез аттаншылдыққа салып ұрандата бермей, неге ақтабан ат мініп, қара сойыл сүйреткен өткен тарихымыздан сабақ алмадық екен деген ой келеді. XY ғасырдың екінші жартысында 1460 жылдардың орта шені мен 70 жылдардың бас кезінде Алтын Ордадан бөлінген Ақ Орда хандарының ұрпақтары Жәнібек пен Керей Қазақ хандығын құрған мезеттен бастап, қазақ халқына тыныштық болмағанын тарихтан білеміз. 1640 жылы қазақ жеріне алғаш жорығын бастаған Жоңғар шапқыншылығы 1760 жылдарға қарсы аяқтала бастады. Жүз жылдан аса қазақ жеріне шапқыншылық болғаны, қаншама халқымыз осыдан зардап шегіп, жойылып кеткені тарихымыздың қаралы беттерінде тасқа таңба басқандай болып, үлкен әріптермен жазулы тұр. Осы кезеңдердердегі би, хан, батырларымыздың ерлігі туралы Қазақ радиосында қаншама хабарлар жасап өткіздім. Оны біреу тыңдаса, ал күйбең тіршілікпен жанын әрең бағып, базарда арба сүйреп жүрген қарапайым халықтың тыңдауға уақыты да болмаған шығар. Ал егемендік алған отыз жылда мемлекеттің, халықтың несібесінен байығандарға ұлттық құндылықтың қажеті шамалы болса керек. Елім, жерім деп еңіреп өткен халқының тарихында алтын әріптермен өрнектеліп жазылып қалған қасқа жолды Қасым хан (1511-1523) ескі жолды Есім хан (1598-1645) одан бергі Тәуке (1680-1718) XYII-XYIII ғасырларда қазақ даласын жоңғар шапқыншылығынан қорғап, саптыаяққа ас құйып, сабына қарауыл қойып ас ішкен Абылай хан, Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Райымбек және Қойгелді батырлар, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Жолбарыс билер халқының мәңгі есінде. 1723 жылы Шығысымыздан сексен мың әскермен лап қойған жоңғар шапқыншылығы кезінде қираған ауыл, тоналған елде есеп болмай, оған қарсы соғысқан қазақ жасақтарының басым бөлігінен көбі қырылып, қазақ елі босқынға ұшырап,

Қаратаудың басынан көш келеді,
Келген сайын бір тайлақ бос келеді,
Ел-жұртынан айырылған жаман екен,
Қара көзге мөлтілдеп жас келеді – деп боздаған еді.

Екпіні қатты жоңғарлар Түркістанға ту тіккенде Төле би бабамыз елін, жерін сақтап қалу үшін Қожабек пен Жолан атты екі баласын бірдей кепілдікке беріп, амалсыздан Қалдан Сереннің алдына тізе бүгіп, он бес жылға бодан болып, салық төлеуге келісіп, келісім шарт жасасқанын бар қазақ білсе керек. 1640 жылдан 1760 жылға дейінгі аралықтағы хандарымыз және халқымыздың бәрінің көрген құқайы осылай болды десек өтірік айтқандық емес. 1847 жылы 43 жасында өмірден өткен, халқына темір ноқта кигізбеу үшін он жыл ат үстінен түспей отарлаушылармен шайқасқан соңғы ханымыз Кенесары, Ағыбай, Бұғыбай, Бұқарбай, Сұраншы, Саурық батырлар елінің егемендігі үшін күресіп, Қоқан лашкерлерінің бұйрығымен үш зеңбіректің ұңғысына тірідей байланып атылған Байзақ датқа, кешегі біз бес күн бойы зәреміз зәр түбіне кетіп, жанымызды қоярға жер таппай шүберекке түйіп шырылдап, тыпырлаған сағаттарды олар бар ғұмырларында бастарынан өткізіп келген еді.

Міне, кешегі күнгі бейбіт шеруді пайдаланып, сыртқы, ішкі саяси күштердің айдауымен елімізге, егемендігімізге қатер төндірген біздер «лаңкес содыр, террорлар» деп баға берген әрекет Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевқа да сол хандар басынан өткізген қатерлі сағаттарды есіне салып, тура солардың қанды жорықтағы хәлін кештіргендігі хақ. Осыдан мамыражай тыныш күн мен қанды қасап аласапыранның бағасын біле беріңіз. Бабаларымыз ұлтарақтай жер үшін жанын салып, қанын төгіп қорғап, асты-үсті байлыққа толы жерімізді ұрпақтарына аманаттап беріп кеткенін, кеше қолымыздан суси жаздаған тәуелсіздігіміздің құны қаншалықты екенін таразы басына салып бағамдап, әр пенденің білетін кезі келді. «Ауруыңды жасырсаң өлім әшкерелейді» деген сөздің де барын білеміз. Президентіміз қазақ елінің байлығының жартысынан көбін көк серкеше тақымына басқан шынжырбалақ шұбартөс 162 баймен ақшаға құныққан қандыкөз монополистер мен латифундистердің аттарын атамаса да барын айтты. Ашкөздердің сыртқа тыққан ақшаларын елге қайтарып, халық игілігіне жаратуды қолға алуын осы уақытқа дейінгі құпияны ел алдына жайып салуы және елу мың теңгеге жан баққан қарапайым халықтың жағдайын ашына айтуы, халқына жанашырлығы емес дей аласыз ба? Кім білсін, бұл бастама тасбақаның таңдайына жапсырған қасиетті мәриям жапырағын алғаннан да қиын болмасына кім кепіл.

Дүрбелең басыла өз міндетін тиісті атқара алмаған оқалы құндыз омырауға жұлдыз тағынған талай шен шекпенділер өз қызметтерінен босатыла бастады. Елге пайдасы мен зияны бірдей инстаграм, фейсбук парақшаларынан шексіз байлықтың астында қалып шіренген, ат төбеліндей алпауыттар мен парақор шекпенділердің күре тамырына Президент неге бірден балта шаппады деген қауесет те тарай бастады. Осы орайда дана халқымыздың мына бір қағидаты есіңе түседі. Өзіңіз қараңызшы «бір, екі, үш, төрт, бес әкудің басын кес!» не деген ғажап. Ештеңеден хабарсыз таза, пәк сәбиді үш-бес жасында сүндетке отырғызсаңыз ол сол таза қалпында еш әсерсіз жазылып, бала бәрін ұмытып, риза болып кете барады. Ал көрмегені жоқ, өзі одырайып, тамыры бадырайып тұрған отыз жасар сақа жігітті сүндетке отырғызып көріңіз, қан-жоса болып, арты үлкен өкінішке апаруы бек мүмкін. «Бай да мінер бір атқа, кедейде мінер бір атқа, сабыр түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа» деп даналарымыз босқа айтпаса керек. Сондықтан әр нәрсеге бажайлай қарап, әліптің артын бақпаса болмас.

Мен елінің, жерінің, халқының бостандығы үшін шейіт болған хандарымыз, би-батырларымызды санамай-ақ қояйын. «Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ» деген сөзді де бабаларымыз бекер айтпаса керек-ті. Өйткені қалай десек те әр заманның адал ханы – хан, биі – би, ақыны – ақын, батыры – батыр, ұлысы – ұлы, ұрысы – ұры болып тарихта қалатыны мәлім. Оған жер жәннаты Жетісуды көп жыл билеген, өзін хан дәрежесінде ұстаған Тезек Төре мысал бола алады. Ол да заманында халқының өсіп-өркендеуіне көп еңбек сіңірген, өзінің шешендігі мен қатар ақындығы да бар ерекше тұлға еді. Сүйінбай ақынның мына бір өткір алмастай сөздері оның бар еңбегін паршалап тастады десек болғандай.

Әй Тезек,
Хан емессің күйіксің,
Бүкіл елді айдап жеп,
Төріңе зорға сиыпсың.
Ұры қары залымның,
Қасыңы бәрін жиыпсың.
Қанша жесең тоймайсың,
Түпсіз жатқан ұйықсың.
Қадірің жоқ халқыңа,
Аққан судай сұйықсың.
Ей Тезек,
Қарамысың төремісің,
Жемесең ұрлық малын өлемісің.
Жетім менен жесірдің ақысын жеп,
Ақиретке барғанда беремісің – деуі бір жағынан Сүйінбайдың шындықты шырылдата бетіне басуы болса, екінші жағынан оның күнәқорлығы кейінгілерге өнеге болмасын дегені еді. Ал осы жерде Тезек төренің осындай жағдайға жетуіне өзінің суық қолдылығымен қатар жанындағы жемқор ұрыларының да қосқан үлестері бар десек қателеспейміз. Тезек төре осындай жағымсыз бейне болса, Бопай мен Жылгелді баукеспе ұры ретінде тарихта қалды.

«Қараша өтірік айтса қасындағылар зардап шегеді, ал хан өтірік айтса, бүкіл халқы зардап шегеді» дегенді де ғұламаларымыз тегін айтпаса керек. Қаншама бай бағландар өз уақытысында жалғанды жалпағынан басса да дүниені үріп ішіп, шайқап төксе де көріне ағаштан ат мініп кететіні белгілі. Асқақ ойлы ғұлама Мұхаммед Хайдар Дулати бабамыз замандасы, ел билеген Ұбайдолла хан жөнінде: «*Өзі тақуа, діндар адам, оның тұсында игілік пен әділеттілік самалы әлемді хош иіске бөледі.Ал оның алақаны – жомарттық теңізінің түбіндегі лағылды дүр тостаған сынды болатын, ақылман билері де баршылық еді*», – деп жазып қалдырыпты. Недеген парасаттылық десеңізші. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Жаңа Қазақстан құрамыз!» деуінің өзінде үлкен астар, халқының болашағының жарқын болатындығына зор үміт жатқаны байқалады. «Жүк ауырын нар көтерер, іс ауырын ер көтерер, ердің ісі елдің мойнында, елдің ісі ердің қолында» деп бабаларымыз айтпақшы, мұндай кезеңде қуанышың от, арманың күл болмасы үшін бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ел болып ұйысып, бар ауыртпалықты бірлесе көтеру керек дер едім.

Зарлы Қойшығұл (Қошан) Мұстафаұлы, журналист.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОБРАЗОВАНИЕ

ЕЩЕ ОДИН ВУЗ ЛИШИЛИ ЛИЦЕНЗИИ

АТЫРАУСКИЙ ИНЖЕНЕРНО-ГУМАНИТАРНЫЙ ИНСТИТУТ ЛИШИЛСЯ ГЕНЕРАЛЬНОЙ ЛИЦЕНЗИИ. СООТВЕТСТВУЮЩЕЕ РЕШЕНИЕ ВЫНЕС СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ МЕЖРАЙОННЫЙ АДМИНИСТРАТИВНЫЙ СУД АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ, ПЕРЕДАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ NUR.KZ СО ССЫЛКОЙ НА ПРЕСС-СЛУЖБУ МОН РК.

Отмечается, что многочисленные нарушения в работе вуза выявлены Комитетом по обеспечению качества в сфере образования и науки министерства. Как оказалось, в институте не соблюдались Типовые правила деятельности организаций образования, требования Государственного общеобязательного стандарта, а также квалификационные требования.

«В ходе проверки вуза были обнаружены многочисленные нарушения. К примеру, установлены факты проведения занятий одними и теми же преподавателями в одно и то же время в двух разных группах с разными языками обучения. Хотя в учебной нагрузке преподавателей аудиторные занятия по каждой группе были рассчитаны отдельно. Более того, некоторые занятия в вузе вообще не проводились. Допущены нарушения по разработке и утверждению образовательных программ», – сообщила руководитель управления Комитета по обеспечению качества в сфере образования и науки МОН РК Эльвира Сапарбекова.

По ее словам, образовательные программы Атырауского инженерно-гуманитарного института вовсе не соответствовали программам, внесенным в реестр МОН РК.

«В результате, студенты не в полном объеме освоили учебные дисциплины. Кроме того, учебный процесс не обеспечен качественным профессорско-преподавательским составом», – добавила она.

Помимо этого, специалисты выяснили, что в институте не сформированы внутренняя система обеспечения качества и необходимая материально-техническая база, нет необходимой литературы.

В МОН РК подчеркнули, что в вузе не созданы условия для получения студентами качественного образования. Это подтвердили и результаты среза знаний обучающихся: 90 процентов студентов института не смогли набрать пороговые баллы. В министерстве напомнили, что, согласно нормам Типовых правил, студенты с момента лишения вуза лицензии имеют право перевестись в другие образовательные учреждения для продолжения обучения.

АВФ

ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПРОЗРАЧНОСТИ

Внедрение АВФ судебных процессов – наглядный результат отвечающего вызовам времени правосудия, основанного на верховенстве закона. Система создана с учетом существующего мирового опыта аудио, видеофиксации в судебных системах различных стран, таких как Украина, Белоруссия, Россия и Сингапур т.д. Применение средств аудио- ,видеозаписи, обеспечивающих фиксирование хода судебных заседаний, осуществляется секретарем судебного заседания. Применение средств аудио- или видеозаписи в ходе судебного заседания осуществляется непрерывно. Не является перерывом остановка средств аудио, видеозаписи с момента объявления присутствующим в зале судебного заседания об отложении судебного разбирательства, перерыве или удалении суда в совещательную комнату для принятия судебного решения и до момента его объявления либо возобновления судебного разбирательства.

Положительным для самой судебной системы и задействованных в ней должностных лиц, в том числе секретарей судебного заседания, можно отметить снижение в связи с применением аудио-видео средств записи судебных процессов нагрузки секретарей в плане составления полных протоколов судебного заседания, что, в свое время отнимало большое количество времени, негативно сказываясь на организации и результативности работы, опять же благодаря фиксации процесса с помощью технических средств исключается вероятность влияния человеческого фактора, т.е. отражение не полных данных процесса.

Записи АВФ может использоваться в качестве доказательства неправомерного поведения участников судебного заседания, в случае наличия таких обстоятельств. АВФ позволяет создать краткий протокол судебного заседания, в котором отображаются в хронологической последовательности: время начала события, его название, действующие лица и короткие комментарии, сведения о составе суда, номер дела, и т.п.

Ознакомление лиц, участвующих в гражданском или уголовном деле, лица, в отношении которого ведется производство по делу об административном правонарушении, а также других участников производства по делу об административном правонарушении, и их представителей с АВФ судебного заседания осуществляется по их ходатайству, в специально оборудованном для этих целей месте путем предоставления им возможности прослушивания (просмотра) соответствующей АВФ с использованием необходимых технических средств.

Лицо, ознакомившееся с АВФ судебного заседания либо получившее ее копию на материальном (электронном) носителе делает соответствующую отметку на ходатайстве об ознакомлении с аудио-, видеозаписью либо получении ее копии.

Гульнара САДЫКОВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания СМЭС.

ГЕНДЕР

ДОСТИГЛИ ОПРЕДЕЛЕННОГО ПРОГРЕССА

Активная экономическая роль женщин привели к объективному повышению социального статуса женщин в семье и обществе. Это, в свою очередь, привело и приводит к изменениям гендерных ролей в семье, к формированию новых гендерных моделей семьи в казахстанском обществе.

Основным законодательным актом в сфере гендерной политики является принятый в 2009 году Закон Республики Казахстан «О государственных гарантиях равных прав и равных возможностей мужчин и женщин». За годы независимости Казахстан достиг определенного прогресса в реализации гендерной политики. Прежде всего, это нашло свое выражение в целенаправленном развитии женского потенциала, создании условий для равного проявления, как мужчин, так и женщин в трудовой деятельности, бизнесе, политике и государственном управлении, формировании равного доступа женщин к качественному образованию и здравоохранению, а также всесторонней защите материнства. На сегодня в Казахстане сформировалась целостная институциональная система гендерной и семейно-демографической политики, создана серьезная правовая база.

Реализация гендерной политики в Республике Казахстан осуществляется на принципах: обеспечения равенства пользования всеми экономическими, социальными, культурными, гражданскими и политическими правами вне зависимости от пола; недопущения дискриминации, гендерной ассиметрии в государственной и общественной жизни; формирования гендерного самосознания и искоренения гендерных стереотипов в обществе.

Отличительной особенностью гендерной политики Казахстана является то, что инициатором гендерных проектов выступает, в первую очередь, государство, которое принимает превентивные и опережающие меры в областях гендерного развития. В настоящее время Казахстан является участником более 20 различных договоров и конвенций по правам человека, в том числе и тех, которые направлены на обеспечение равноправия между полами, а также защиту женщин и детей. В Казахстане разработан и утвержден постановлением Правительства национальный план действий по улучшению положения женщин в республике. Согласно Конституции РК статья 33, граждане имеют равные права и возможности на участие в управлении делами государства.

Асель КАСЕНОВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания Талдыкорганского городского суда.

ХУЛИГАНСТВО

АРЕСТОВАН МУЖЧИНА, ИЗБИВШИЙ СОТРУДНИЦУ САУНЫ

СУД ГОРОДА КОСШЫ САНКЦИОНИРОВАЛ АРЕСТ ОДНОГО ИЗ ПОСЕТИТЕЛЕЙ САУНЫ, ИЗБИВШЕГО СОТРУДНИЦУ ЗАВЕДЕНИЯ. УГОЛОВНОЕ ДЕЛО КВАЛИФИЦИРОВАЛИ ПО СТАТЬЕ «ХУЛИГАНСТВО», ПЕРЕДАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ SPUTNIK КАЗАХСТАН.

Суд города Косшы санкционировал арест одного из посетителей сауны, избившего сотрудницу заведения. Уголовное дело квалифицировали по статье «Хулиганство», передает корреспондент Sputnik Казахстан.

Напомним, об инциденте в одной из саун Косшы стало известно из распространяемых в соцсетях видео. Один из двух посетителей наносит удары появившейся сотруднице, которая, по-видимому, попросила оплатить услуги. Явно нетрезвый посетитель наносит несколько ударов женщине по телу и голове, от которых она падает на пол.

«Деяние подозреваемого по факту хулиганства в одной из саун в Косшы квалифицировано по части 1 статьи 293 УК РК. Судом в отношении подозреваемого санкционирована мера пресечения в виде содержания под стражей. Досудебное расследование продолжается, по результатам которого по делу будет принято процессуальное решение», – проинформировали в пресс-службе департамента полиции Акмолинской области.

Отметим, хулиганство влечет наказание от штрафа в размере до 2 000 МРП до ограничения либо лишения свободы на срок до двух лет.

КРИМИНАЛ

НАСИЛЬНИК ПОЧТИ ДЕСЯТЬ ЛЕТ СКРЫВАЛСЯ

СТРАЖИ ПОРЯДКА ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ ПРОДОЛЖАЮТ СОВМЕСТНУЮ МЕЖГОСУДАРСТВЕННУЮ ОПЕРАТИВНО-ПРОФИЛАКТИЧЕСКУЮ ОПЕРАЦИЮ «РОЗЫСК», НАПРАВЛЕННУЮ НА УСТАНОВЛЕНИЕ МЕСТОНАХОЖДЕНИЯ И ЗАДЕРЖАНИЕ УГОЛОВНЫХ ПРЕСТУПНИКОВ И БЕЗ ВЕСТИ ПРОПАВШИХ, ПЕРЕДАЕТ ИА «NEWTIMES.KZ».

13 растерзанных баранов в загоне обнаружил фермер в Павлодарской области. Сообщается, что убить животных могли собаки, передает pavon.kz. Информация о нападении псов на домашний скот в селе Коктас появилась в местном Telegram-канале «Типичный Павлодар – шок tipavlo». Автор публикации заявил, что это не первый подобный случай в этом селе. Недавно, по словам местных жителей, был покусан жеребенок. Руководитель павлодарской областной ветеринарной станции Марат Апсаликов подтвердил факт нападения собак на баранов в селе Коктас.

«На место происшествия сразу же выехали руководитель Аксусского филиала областной ветстанции и участковый инспектор. Они установили, что это были не бродячие собаки – два или три пса охраняли соседний коттедж», – заявил он. По словам руководителя ветстанции, хозяин собак куда-то уехал, а они сорвались с цепи и напали на домашний скот в загоне.

В результате погибли 13 баранов. Владелец погибших животных написал заявление в полицию с просьбой привлечь к ответственности хозяина собак, добавил Апсаликов.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СҰХБАТ

БОЛАШАҚ СПОРТШЫЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕЙТІН МЕКТЕП

Бүгінгі таңда облыста спорт саласы қарқынды дамып келеді. Спорттың қай түрін алсаңыз да ауыз толтырып айтатын жаңалық көп. Әсіресе, кәсіпқой деңгейде спортпен шұғылданып жүрген ұл-қыздарымыз елдің намысын жыртып, халықаралық аренада көк байрақты желбіретуде. Соның ішінде Жетісу жерінің спортшылары даралanып, ел үмітін ақтауда. Сонымен қатар, болашақ чемпиондарды тәрбиелеуде де ауқымды іс атқарып, спорттық инфрақұрылымдарды тұрғызуда республика бойынша көш бастап тұр. Мәселен, ҚР Президентінің тапсырмасы бойынша өңірлерде жүз аурухана, жүз мектеп салу бағдарламасын іске асыру барысында Алматы облысы алдыңғы қатарда. Аудан орталықтарында дене шынықтыру және сауықтыру кешендері бой көтеріп, олардың саны он төртке жетті. Биыл тағы да төрт спорт кешені пайдалануға беріледі. Сондай-ақ, Талдықорған қаласында Орта Азияда теңдесі жоқ жүзу бассейні бой көтеруі жас жеткіншектерге жасалып жатқан қамқорлықтың белгісі және Мемлекет басшысы тапсырмасының нақты іске асуы екені анық. Осындай нысанның бірі – Қарасай ауданы Шамалған ауылында салынған балалар мен жасөспірімдерге арналған «Үшқоңыр» спорт мектебі. Заман талабына сай бой көтерген зәулім спорт нысанының жұмысымен танысу мақсатында аталмыш мектеп директоры Дәурен ТӨЛЕГЕНМЕН болған сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

– **Дәурен Төлегенұлы, сіз басқарып отырған балалар мен жасөспірімдерге арналған «Үшқоңыр» спорт мектебінің жұмысына кеңінен тоқталсақ. Спорт нысаны қай кезден бастап жұмысқа кірісті?**

– «Үшқоңыр» спорт мектебі 2019 жылы маусым айында ашылды. Сол күннен бері спорт нысаны тоқтаусыз жұмыс істеп, Шамалған ауылының жас жеткіншектеріне қызмет көрсетіп келеді.

– Мектептің құрылымын сипаттап өтсеңіз.

– Мектепті облыс бойынша ең үлкен спорттық нысан деп айтуға болады. Дене шынықтыру-сауықтыру кешені деп атағаны-мызбен бұл үлкен спорттық база. Өздеріңіз көріп отырғандай, тау етегіне орналасқан мекемеде барлық жағдай жасалған. Кешен 6 блокқа бөлінген. Спорттың 18 түрінен жас жеткіншек спортпен шұғылданады. Бүгінде мектебімізде 1548 бала спорттың әр түрімен жаттығып жүр. Олармен 42 жаттықтырушы жұмыс жасайды. Жалпы, аталған спорт базасында 70 адам жұмыс істейді. Аумағы – он алты мың гектар. Мекеме екі қабатты, бірінші қабаты әкімшілік ғимараты болып саналады. Онда мектеп директоры, әдіскерлер, та-мақтану орны, коференц-зал орналасқан. Қалған екінші бөлігінде жаттығу залы және жүзу бассейні, оның сыртында далада үлкен футбол алаңы бар. Ол арнайы жасанды төсенішпен жабдықталып, үлкен жарыстарды өткізуге ыңғайлы. Сонымен қатар, ойын залын да ерекше атап өткен жөн. Ол да толықтай әлемдік стандартқа сай жасалған әрі ірі халықаралық жарыстарды өткізуге толықтай дайын.

– Мектепке балаларды қай жастан бастап қабылдайсыздар?

– Ауыл балалары үшін салынған ны-сан болғасын біз барлық жағынан қамтуға тырысамыз. Сондықтан, спорттың тәртібі бойынша біз балаларды 6 жастан бастап қабылдаймыз. Әрине, біз оларды бірден спорттың қиын түріне қабылдай салмаймыз. Спорттық мектеп болғасын жас жеткіншектер-дің спортқа деген қызығушылығын ояту мақ-сатында ең бірінші ойын түрлеріне аламыз. Содан кейін ыңғайына қарай, өздерінің таңдауы бойынша бейімділігін байқап, басқа спортқа икемдейміз. Бала болғасын олардың ең бірінші ынтасын, қызығушылығын оятып, қызықтыруға баса мән береміз. Ол үшін біздің арнайы мамандар, психологтар мен жаттықтырушылар жұмыс істеп, балаға бар жағдайды туғызады.

– Сөзіңізде жүзу бассейні бар деп ай-тып қалдыңыз. Жүзу спортына келушілер қатары қалай?

– Әдетте біз спорт дегенде бірінші бокс, күрес, футбол ойымызға оралады. Мен сізге айтайын, облыста ашылған спорт мектептерінің ішінде біздің ғана мектепте жүзу бассейні бар. Сондықтан бұл спортқа келушілердің қатары өте көп. Өзіңіз көргендей, жүзу бассейні екеу. Оның бірі ересектерге, екіншісі кішкене балаларға арналған. Біздің мамандар ең бірінші сол кішкене ұл-қыздарымызды кішірек хауызға икемдеп алып, оларға су спортын толықтай үйретіп алып, жас мөлшері толысқан кезде үлкен бассейнге рұқсат етеді. Сол кезде барып, оларды арнайы жүзу спортына үйретеді. Жүзу спорты деп бірден бассейнге шолп етіп түсіре салуға болмайды. Баланың аты бала, суға түсуге қызығушылығы жоғары екенін біз жақсы түсінеміз. Әйтсе де арнайы мамандар олармен талап бойынша жұмыс істейді. Ең бірінші кезекте қауіпсіздік шарасы, одан кейін баланың денсаулығы, одан кейін жетістікке көңіл бөлеміз. Бұл бір ғана жүзу спортына емес, спорттың бар түріне осындай талап қойылған.

– Өзіңіз білесіз, басқа спорт түріне қарағанда жүзуге жаттықтырушы маман табу өте қиын. Бұл тарапта маман тап-шылығы бар ма? Суда жүзу спортында жаттықтырушы жеткілікті ме?

– Сөзіңіздің жаны бар, өзге спортқа қарағанда суда жүзудің мамандары үлкен сұранысқа ие. Оның үстіне ауылды жерде орналасқасын оларды шақыру да қиынға соғады. Бірақ біз жаттықтырушыларды тауып, оларға барлық жағдай туғызып, жұмыспен қамтып отырмыз. Қазір дәл осы спортта төрт жаттықтырушы жұмыс істейді. Нақтырақ айтқанда Руслан Бариев, Ригина Тамакина, Данил Максименко, Евгения Максименко. Бұлардың барлығы да өз ісінің мамандары. Аз ғана уақыт болса да оқушыларының бет алысы жаман емес. Алдағы уақытта нағыз чемпиондар шығады деген үміт мол.

– Ендігі кезекте мектепте жаттығып жатқан болашақ чемпиондардың жетістігіне аз-кем тоқталып өтсеңіз?

– Бұл жағынан да ауыз толтырып айтатын жаңалығымыз көп. Аз ғана уақыт болса да жарыстардан қоржынымыз бос қайтқан жоқ. Өзіңіз білесіз, жекелеген спортқа қарағанда командалық спортта жетістікке жету өте қиын. Соған қарамастан біздің мектептің футболшылары жақсы көрсеткішке ие. Мысалы 2006 жылғы балалар облыстық жарыста бірінші орынды қанжығасына байлады. Кіші футболдан күміс медальға қол жеткізді. Жаттықтырушылар Нұржан Ахметов, Шаттық Ахметқожаев, Жәнібек Жақыпов, Қыран Тұрсынбайдың шәкірттері алдағы жарыстарда да олжамен оралады деген сенім мол.

Таэквондо спортында да мақтанышымыз бар. Аян Құмаровтың қол астында жаттығатын Аяулым Кәукенов Азияда үшінші орынды жеңіп алды. Алматыда өткен «Барыс-кап» додасында жеңіске жетті, ҚР чемпионатының жеңім-пазы. Береке Абылайханұлы да халықаралық турнирлердің жеңімпазы. Дзюдодан білікті бапкеріміз Әнел Еженханова жаттықтырады. Он бір жасар кішкентай Асылхан Тасқынбай Жәпек батыр атындағы жарыста қолаға қол созса, Жанболат Алдаберген «Қос батыр» турнирінде күмісті еншіледі. Одан да басқа дзюдошыларымыз болашағынан көп үміт күт-тіреді.

Бұл жерде неге жүлделер аз деп отырған боларсыз. Өзіңіз білесіз, 2019 жылдан бастап пандемияға байланысты жарыстар тоқтап қалды. Соның салдарынан спортшыларымыз жарысқа бара алмады. Қазір толық мүмкін-дік ашылып, жарысқа қатысып жатырмыз. Осы жерде ерекше атап өтетін тағы бір таланттарымыз бар. Ол Муай-тай спортының шеберлері. Вадим Лопаров, Юрий Щюкиннің оқушылары мектебіміздің мақтанышы. Әлижан Қанат 16 жасында ересектер арасында чемпион атанды. «Асқар Қоханов» атындағы турнирдің жеңімпазы. Жасөспірімдер арасында әлем чемпионатына қатысып, жақсы өнер көрсетіп қайтты. Әли Омаров ел біріншілігін үш мәрте ұтты. Себанды Омаров та ҚР чемпионатын екі мәрте жеңіп алды. Болашақта бұл мықтыларымыз әлем чемпионы болады деп отырмыз. Бокста Жұмабек Пірназаровтың шәкірттері де осал емес. Диас Алтыбай облыстық чемпионатта қоланы еншілесе, Ермұхан күмісті місе тұтты. Самбо күресінен де ауыз толтырып айтар жаңалығымыз бар. Қиса Манас пен Мадина Әлімбекованың шәкірттері жүлдемен оралып жүр.

Мәселен, Мұхамед Тінейбай облыстық чемпионатта екі мәрте алтын тұғырдан қол бұлғады. Республикалық турнирде де айдарынан жел есті. 98 келіде өнер көрсететін самбошымыздың болашағы зор. Нұрсұлтан Тажымұқан, Медет Аяпберген де республикалық турнирлердің жүлдегері. Грек-рим күресінде Дуаш Жайдар, Алмат Асқар, Әшімақын Әлібек, Серік Кәкібалановтың шәкірттері ел сенімін ақтап жүр. Рамазан Қайыржанұлы облыста жүлдегер атанса, 92 келі салмақта өнер көрсеткен Райымбек Қайыржаұлы республикалық турнирдің жүлдегері. Мұның сыртында осы мекепке қарасты Әйтей ауылында орналасқан Қуаныш Ахметжанов басқаратын «Әйтей» сауықтыру-кешенінде жаттығатын балалардың да жетістігі мол. Ашылғанына аз ғана уақыт болса да жас жеткіншектер түрлі додалардан жүлдемен оралып жүр. Міне, осындай жетістіктеріміз бар. Алдағы уақытта бұдан да жоғары өнер көрсетеміз деген ойымыз бар.

– Мектебіңіздегі жеткіншектердің жетістігіне қуанып отырмыз. Ендігі жерде өзіңіздің жетістігіңізге тоқталсақ. Сізді біз боксшы ретінде жақсы білеміз. Қазір басшылық орынға келгесін, бокстан қол үзіп қалмадыңыз ба?

– Рәке, сауалыңыздың төркінін түсіндім. Басшылық қызметке келгесін, былғары қолғабыңызды шегеге іліп қойған жоқсың ба деп отырсыз ғой. Жоқ, ең бірінші мен өзім үлгі болуым керек. Өзіңіз жақсы білесіз, облыстық спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Молдахметұлы кәсіби спортшы, Бейжің Олимпиадасының күміс жүлдегері, одан кейін олимпиадалық резервтерді даярлау орталығының директоры, Атланта Олимпиадасының қола жүлдегері Мәулен Мамыров, ойын түрлерінен мамандандырылған спорт мектебінің басшысы Ермек Сүйеніш бокстан спорт шебері, жалпы облысымыздағы барлық спорт мектебінің директорлары спорттың нағыз майталмандары. Олардың барлығы басшылық қызметпен қатар спортты бірге алып жүр. Енді менің орындықта отырып қалғаным жарамас. Сондықтан бокcты тастағам жоқ, тұрақты шұғылданып тұрамын. Өткен жылы халықаралық турнирде жеңімпаз атандым. Спорт шебері деген атағым бар, үнемі спорттық қалыпта болу үшін жаттығудан қол үзбеймін. Басшылық менің қызметім болса, бокс – менің мәңгілік өмірім!

– Бәрекелді, бұл сауалыңыз нағыз білікті басшы, нағыз спорт жанашырының жауабы болды. Осы орайда алдағы жос-парларыңызбен бөліссеңіз?

– Алда жоспар өте көп. Мектебіміздің техникалық базасы өте жоғары. Осыған байланысты облыс басшылығымен келісіп, алдағы уақытта колледж ашсақ деген ойымыз бар. Оны жақында облыс әкімі Қанат Бозымбаев келген кезде бұл мәселеге кеңінен тоқталғанбыз. 600 балаға арналған спорттық колледж ашылса өте жақсы болады. Оның өзіндік мағынасы бар. Төл шәкірттерімізді спорт мектебінен кейін колледжге түсіріп, жергілікті балаларды ұстап тұра аламыз және кадрларды да өзіміз даярлап, алдағы уақытта жұмыспен қамтуға да мүмкіндік туады. Оған арнайы жатақхана мен оқу корпусы салынады. Жаттығу базасы дайын. Міне, осындай ауқымды жоспарымыз бар, ол алдағы уақытта іске асады деп отырмыз.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан:
Ришад ТҰРҒАНБАЙ
ҚАРАСАЙ АУДАНЫ

ДЗЮДО

ЖЫЛЫСАЙДАН ШЫҚҚАН ЧЕМПИОН

Жақында Тараз қаласынан сүйіншілеткен тамаша хабар Жетісу өлкесін, шалғайдағы Кеген өңірін де желпіп өтті. Аталған қалада Дзюдо күресінен спорт шеберлері арасында өткен халықаралық турнирде Жылысай ауылының бір перзенті Рахметов Асхат Қасымханұлы 90 килограмм салмақ дәрежесінде чемпион атанды. Сөйтіп, өзін ғана емес туған ауданын үлкен қуанышқа кенелтті.

Қастерлі де қасиетті Жылысай ауылының топырағынан жаралған Асхаттай алтын бауырымыздың жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар болмауы мүмкін емес. Әлмеректей бабамыздың қара ошағы сақталған, Майлы Ормановтай ағартушы, Әубәкір Солтанбекұлындай Қарқара көтерілісінің қаһарманы шыққан ауылдан олардың ізін жалғар батыр ұлдар, намысты жігіттер шығып жатса, таңданбаймыз.

Жылысайдың мөлдір бұлағынан дәм татып, таза ауасымен демалып, салқын самалына кеудесін тосып өскен Асхат жып-жылы мекендегі М. Орманов атындағы орта мектептің айтулы түлектерінің бірі. Ұлтымыздан шыққан батыр бабаларымыздай нар тұлғалы, кесек бітімді, жолбарыс жүректі, қайсар білекті палуан бауырымыздың өмір жолдары қуантпай қоймайды. Қырықтан жаңа асқан тегеурінді қуат-күштің иесі Қазақтың мемлекеттік спорт және туризм академиясын бітірген. СК «ЦСКА»-да азаматтық борышын өтеді. Жастайынан спортпен шұғылданып, күрестің сан түрін меңгерген Асхаттай палуанымыздың самбо, дзюдо, қазақ күрестерінен қол жеткізген жетістіктері жетерлік. Бағындырған биіктері аз емес. Аталған күрес түрлерінен Қазақстан чемпионатының алтын медаль иесі. 2006-2008 жылдары Қырғыстанда өткен самбодан Гордеевті еске алуға арналған халықаралық турнирде күміс және алтын медалдарын жеңіп алды. 2017 жылы Түркістан қаласында, 2018 жылы Қостанай қаласында самбо күресінен спорт шеберлері арасында өткен Қазақстан чемпионатында қола медальдың иесі атанды. 2019 жылы Алматы қаласында өткен самбо күресінен халықаралық турнирінде тағы да қола медалға қолын жеткізді. Сол жылы Талдықорған қаласында қазақ күресінен өткен «Арландар айқасы» атты республикалық турнирінің чемпионы болды. Көп ұзамай Түркістан қаласында самбо күресінен спорт шеберлері арасында өткен республикалық чемпионатта алтын медальды қанжығасына байлап қайтты. 2021 жылы тағы да Түркістан қаласында самбо күресінен спорт шеберлері арасында өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында тағы да чемпиондық тұғырға көтерілді.

Тәуелсіз мемлекетіміздің спортын дамытуға өзіндік үлесін қосып келе жатқан сұрапыл күштің иесі, жауырыны жерге тимес самдағай палуан, батыр кескінді, нар тұлғалы азаматымыз «Бейбітшілік әлемі» атты халықаралық Қазақ творчестволық бірлестігінің «Дене шынықтыру мен спортты дамытуға қосқан үлесі үшін» атты медальымен, аталған бірлестіктің «Алтын қыран» медальымен марапатталды. «Қос аққу» Әлия мен Мәншүк атындағы спорттық-патриоттық клубы қоғамдық бірлестігінің ІІІ дәрежелі «Әлия – Мәншүк» медальына ие болды. 2020 жылы Қазақстан спорт және туризм академиясы Президентінің Алғыс хаты тапсырылды.

Бойында қазағының қаны бар, рух пен намыстан жаралған Асхаттай азаматымыздың жұлдызы жарық, еңсесі биік, алар асулары мол бола берсін!

Қанат БІРЖАНСАЛ
РАЙЫМБЕК АУДАНЫ

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

ОРАЗАДА ҚАЛАЙ ТАМАҚТАНУ ҚАЖЕТ

Айлардың сұлтанында ораза ұстаған жан ауызашар мен сәресі уақыттарында денсаулыққа зиянын тигізбейтіндей дұрыс тамақтану тәсілін біле жүргені абзал. Ендеше оразада қандай тамақтан бас тарту керек, тағамның қай түрін көбірек қолданған дұрыс.

Ауыз ашуды құрмамен бастаңыз!

Құрма мен суды ауыз ашқанда пайдаланудың және бір пайдасы: тағы тамақ жеудің алдында, адамға өзінің ағзасында қосымша тамаққа деген сұраныстың бар не жоғын анықтауына мүмкіндік туады. Ислам әлемінде құрманың орны ерекше. Құран аяттарында құрма пальмасы бірнеше рет аталған. Әрі он бес жерде құрманың Алла Тағала тарапынан адамзатқа берілген сый екендігі айтылады. Алла елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) құрма мен сүтті адам үшін ең жақсы тағам деп санаған.

Суды көбірек ішіңіз!

Ауыз ашқан соң суды көбірек ішу керек. Алайда, суды тамақтанып болған соң ішкен абзал. Тамақты да асықпай, аз-аздан жеңіз. Сәресі уақытына дейін бірнеше стақан су ішуге тырысыңыз. Егер су ішуді ұнатпасаңыз, айран, қантсыз компот, өсімдік шайларын, минералды су секілді сұйықтықтар ішіңіз.

Тез шөлдететін тағамдардан бас тартыңыз!

Рамазан айында ас мәзіріңізді уақытша өзгертуге тура келеді. Сіз бен біз күнделікті қолданатын тұзды өнімдерден, тұздалған қияр, қызанақ, түрлі тұзды салаттар мен балықтан бас тартыңыз. Оның орнын жеміс-жидектермен, көбірек сумен толықтырыңыз.

Тәттілермен қоштасыңыз!

Ас мәзіріңізден тәттілерді (кондитерлік өнімдер, торт, тәтті бәліштер) азайтыңыз. Себебі бұлар ағзаңызды әлсіретіп, қарныңызды тез аштырады. Рамазан айында тәттілерді көбірек қолдану қан қысымыңызды көтереді. Тек ауызашардан кейін екі-үш сағаттан соң ғана тәттілердің орнына – құрма, кептірілген өрік, мейіз, жаңғақ қолданыңыз.

Кофені қоя тұрыңыз!

Егер сіз таңыңызды жұмыспен емес, кофемен бастар болсаңыз, Рамазан айында кофені қоя тұрыңыз. Жүйке жүйесі өте сезімтал, жүрегі ауыратын, қан қысымы жоғары, нашар ұйықтайтын адамдарға кофе ішуге болмайды. Шектен тыс кофе ішу организмге зиян келтіреді. Мәселен, ұйықтау режимінің бұ-зылуы, кейбір вита-миндерді (магний, мырыш, темір) қабылдаулардың қиындауы, қан қысымының жоғарылауы, тіс эмалінің өзгеруі, асқазанда қыжылдың пайда болуына әсер етеді.

Пайдалы тағаммен тамақтаныңыз!

Шайды көбірек ішетін болсаңыз, бұл айда жалбыз шайы мен көк шайды көбірек тұтыныңыз. Сүт өнімдерін (сүт, айран, қатық, ірімшік) көбірек қолданған жөн. Сүт, айран, ірімшік, құрт секілді азықтар сапалы протеин, кальций, фосфор, мырыш секілді минералдар мен В6, В12 секілді маңызды дәрумендердің қайнар көзі. Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) таңғы аста құрма мен сүт ішуді өсиет еткен.

Сәресіге сергек болып ояныңыз!

Ол үшін жатар алдында майлы тағамдар қолданбаңыз. Оның орнын жеміс-жидектермен (жүзім, алма, алмұрт, құлпынай) ауыстырыңыз. Аты аталған жемістер мидың қалыпты жұмыс жасауына және жақсы тынығуыңызға әсер етеді. Сәресі уақытында да күндіз қарным ашып қалмасын деп тоя тамақтанбаңыз. Ауызашар және сәресі кезінде орташа мөлшерде тамақтану Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) сүннет амалына жатады.

Kazislam.kz сайтынан

КЕРЕК ДЕРЕК

Садху тақтасы адамның ішкі жағдайының жақсаруына, эмоциясы арқылы өкпе-реніштен арылуына көмектесетін шеге тізілген ағаш тақтайша. Процестен соң өз эмоциясын бөлісіп, әлеуметтік желіге жүктейтін жандар жетерлік. Алғаш көргенде "қауіпті емес пе?" деген сұрақ ойға келеді.

САДХУ ТАҚТАСЫНА ТҰРУДЫҢ АДАМҒА БЕРЕР ӘСЕРІ

Шеге – аяққа арналған ең күшті массаж

Шеге терапиясы адамның энергетикалық каналдарын тазартады. Депрессиядан арылуға, стресске төзімділікке көмектеседі. Ол денедегі барлық шектеу мен кедергілерді, қысылған жүйке жүйесін босатады. Ми мен психикалық жүйеге де әсер етеді. Алғаш қадам басқаныңызда күрделі процесс жүре бастайды. Өміріңізде болған өкпе-реніште, қиналған сәтіңізді есіңізге аласыз. Бұл – аяққа арналған ең күшті массаж. Шегеден аяқты алған соң арнайы маман массаж жасайды, нәтижесінде аяғыңыздың ауырғаны қояды. Ескертетін жағдай садху тақтасына аяқ баспай жатып, маманмен арнайы жаттығу жасаған жөн. Шеге терапиясында жүкті әйелдерге, қан қысымы өте жоғары және төмен адамдарға тұруға болмайды.

Шеге терапиясы – 100% көмектесетін құрал

Жәнібек Мақаш: Шеге терапиясы психологиялық, рухани және физикалық жағынан өте пайдалы. Қазір көптеген адам қиналып, депрессияға, стресске ұшырап жүр. Қазақтың сөзінен мысал ететін болсақ, "сыртың бүтін, ішің түтін". Жетістікке жеткің келсе, ішкі жағдайың өте маңызды. Қазақ менталитеті керемет, бірақ көп дүниені іште сақтағанды жөн санайды. Осылайша қарызға батады, ажырасады, ауырады. Эмоцияны шығару керек. Ал оған шеге терапиясы көмектеседі. Іштегі өкінішті, уайымды сейілтіп, өмірге көзқарасты өзгертеді.

Шегеге тұруда арнайы мақсатыңыз болуы керек

Ешқандай ниетсіз нәтиже болмайтыны белгілі. Мамандардың айтуынша шеге терапиясымен тұрақты айналысып жүрген адам күйзеліске ұшырамайды. Шексіз өмір сүруді қаласаңыз, шеге терапиясына баруды ұсынамыз!

Massaget.kz сайтынан

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

АҒЗАДАҒЫ АРТЫҚ СУДЫ ШЫҒАРУ ЖОЛДАРЫ

Егер таразыдан бірнеше артық килограмды байқасаңыз, асығыс шешім қабылдамаңыз. Себебі кей себептерге байланысты ағзада сұйықтық тұрып қалуы мүмкін. Бұл кезде дене өз тонусын жоғалтқан секілді көрінеді. Не үшін ағзада сұйықтық жиналады және оны қалай шығаруға болады?

Егер еш себепсіз ісінетініңізді жиі байқасаңыз, дәрігерге көрінген жөн. Бірден жүрек пен бүйректерді тексертіп, мүмкін патологияларды анықтап алу керек. Сондай-ақ, әйелдерде етеккір кезінде ағза сұйықтықты қарқынды жинайды. Көпшілік оны осы кездегі тамаққа тәбеттің жоғары болуымен байланыстырады, алайда шындығында ол гормондарға байланысты: эстроген мен прогестерон сұйықтық алмасуға әсер етіп, таразыдан артық 1-3 кг байқайсыз. Бұл қалыпты жағдай, бірнеше күннен соң ісіну өздігінен кетеді, онымен бірге артық килограмдар да жоғалады.

Ісінудің тағы бір себебі – дұрыс тамақтанбау. Кей сусындар мен азық-түлік топтары ағзадағы сұйықтықты тоқтата алады.

Ағзадағы артық сұйықтықты шығару жолдары

Бір қызығы, ісінуден арылудың ең жақсы әдісі – ағзаны жеткілікті су мөлшерімен қамтамасыз ету. Күніне 2,5 литр су ішуге тырысу керек. Ағза суда еш кемшілік жоғына үйренген кезде ол сұйықтықты ұстауды доғарады.

Ағзадағы артық суды шығарудың тағы бір әдісі – рационнан тұзды алып тастау немесе оның мөлшерін барынша азайту. Тамаққа және салатқа қосатын тұздан басқа, дүкенде сатылатын дайын өнімдердің құрамында да тұз өте көп болатынын ескеріңіз.

Рационға көбірек қарапайым және табиғи тамақ қосыңыз: жемістер, көкөністер, жармалар мен ірі тартылған ұннан жасалған нан мәзірді түрлендіруге көмектесіп, пайдалы емес тамақтарды ауыстыра алады. Құс еті мен балық, жұмыртқа және сүт қышқылды өнімдер ақуыздың тәуліктік нормасын алуға және ұзаққа дейін тойымды жүруге көмектеседі.

Шөптерден жасалған шай ішу арқылы ағзадағы сұйықтықты жылдам шығаруға болады. Жалбыз, жауыжапырақ (мелисса), итмұрын, қызылжидек, зире, алманың кепкен қабығы және қайың жапырағы ісінуден арылуға ықпал етеді. Ол үшін олардан шай қайнатып, оны күні бойы ішу жеткілікті. Бүйрекке арналған шайлар аяғыш әсерімен белгілі және жанама әсер тудырмайды. Көкөністерден қажет әсерді қияр, кәді, қызылша, орамжапырақ, картоп, асқабақ және баялды береді. Ісінуге қарсы жемістер –алма, шабдалы, құлпынай, бүлдірген. Кепкен өрік, мейіз және өрік секілді кепкен жемістер де көмектеседі.

Тұз қосылған ванна демалуға және босаңсуға ықпал етіп қана қоймай, ағзаның артық судан арылуына көмектеседі. Жақсы әсер болуы үшін ванна қабылдарға дейін екі сағаттай ештеңе жемеген және ішпеген дұрыс. Ваннаны 38 градустан аспайтын суға толтырып, оған жарты килограмм тұз немесе 200 грамм ас содасын салу ұсынылады. Мұндай ваннада шамамен 10 минут жату керек. Процедура аяқталған соң денені сүлгімен шамалы құрғатып, көрпенің астында 40 минут жату керек. Содан соң душқа шайынып алыңыз. Тағы да бір сағаттай ештеңе жемеу және ішпеу керек. Әдетте, мұндай ваннадан соң дене жарты литрдан көп сұйықтық жоғалтады.

Артық сұйықтықтан арылуға көмектесетін тағы бір тиімді әдіс –моншаға бару. Моншада дене ұсақ тесіктер арқылы біраз сұйықтық жоғалтады. Сусыздану болмас үшін су тепе-теңдігін қалпына келтіруді ұмытпаңыз: ол үшін процедуралар арасында шөптер шайын ішіңіз. Монша алдында залда жаттығып алсаңыз, өте жақсы нәтиже байқайсыз.

Massaget.kz сайтынан

КӨҢІЛ АЙТУ

ЖАРҚЫН БЕЙНЕҢ ЖАНЫМЫЗДА

«Аман болсын балам!» деп жаратқаннан медет сұраған үш қана әріптен құралған киелі сөздің иесі – әке мен ана.

28.03.2022 жылы 85 жасында анамыз Нұрымова Бүбіш Ілиясқызы өмірден озды. Дәл осы күні жыл бұрын әкеміз Қадыр Нұрымов дүние салған еді. Асқар тау әке мен батыр анамыздың топырағы торқа, имандары жолдас болсын!

«Әке», «әкең келеді» деген жалғыз ауыз сөзбен-ақ өзінің он бір баласын тәрбиелеп, ерін пір тұтқан, үлкен-кішіні құрметтеп, елін сыйлаған әулеттің отанасының өмірі – тұнып тұрған өнеге.

Табиғатындағы барлық жақсы қасиеттері қыздарға, бала келін, ана келін, дана келіндерге дарып, жалғасын табар. «Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы, өлмейтұғын артында із қалдырған».

Балалары, артында қалған ұрпақтары

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 385
Индекс 15534